Павлодар облысы білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Қанаш Қамзин ауылының Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Павлодар облысы білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Қанаш Қамзин ауылының Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2026 оқу жылдарының өзін-өзі бағалау қорытындысы

Қанаш Қамзин ауылы, 2026 жыл

I. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы.

Павлодар облысы білім беру басқармасы Ақсу қаласы білім беру бөлімінің "Қанаш Қамзин ауылының Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері): Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140108, Ақсу қаласы, Қанаш Қамзин ауылы, Кабылбеков көшесі, 15 ғимараты.

Заңды тұлғаның байланыс деректері(телефон, электрондық поштасы, web-сайт).

Байланыс телефоны: 8(71837) 79-419,
электронды пошта – qamzin@bilimaksu.edu.kz.

Мектептің сайты: web-сайт http://qamzin.bilimaksu.edu.kz/wp-admin

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы):

Шайгазин Канат Балтабаевич-мектеп директоры, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің 2022 жылғы 05 сәуірдегі «Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің « Жолқұдық ауылының Қ.Қамзин атындағы орта мектебінің директорын тағайындау туралы» №5-03/92 бұйрық, 2022 жылы 5 сәуір «К.Б.Шайгазинді қайта тағайындау туралы» №5-03/84 бұйрығымен тағайындалды. Байланыс телефоны: 87052139889.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

05.02.2024 жылғы Павлодар облысының әділет департаменті. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама.

Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)-981140002143. Алғашқы тіркеу күні: *1999 жылғы 24 ақпан*. Құрылтайшысы: Павлодар облысы білім беру басқармасы Ақсу қаласы білім беру бөлімінің "Қанаш Қамзин ауылының Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында қамтамассыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамассыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2025 жылғы 23 сәуірдегі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру- сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия № KZ92LAM00002132 (алғашқы берілген күні-11.07.2008ж)

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 18021502 сериялы медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия және оған № 1-2 қосымшалары. Алғашқы тіркеу күні: 2009 жылғы 05 ақпан. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ №0357710. 09.08.2018 жыл. Жеручаскесінің, кадастрлық номері 14-215-115-425. Жер учаскесінің алаңы: 1.6517 га, соның ішінде үлесі -0,0236 га «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Павлодар облысы бойынша филиалы – Жер кадастры жылжымайтын мүлік бойынша Ақсу қаласының бөлімі «Тіркелетін жылжымайтын

мүлік объектісіне Техникалық паспорт»18.08.2022 жылы жасалған. Кадастрлық нөмері: 14:215:115:425:1/А. Түгендеу нөмері: 825нж. Қабат саны: 3+подвал қабат, құрылыс ауданы: 814,7 ,ғимараттың ауқымы: 8405, жалпы алаңы: 4935,9 Павлодар облысы білім беру басқармасы Ақсу қаласы білім беру бөлімінің “Қанаш Қамзин ауылының Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беру мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Жарғысы. Тіркеу іс: 86-1945-14-1414.

Мектептің техникалық паспорты

Мектепте қабат саны – 2

Жобалық қуаты – 640

Жалпы пайдалы ішкі алаңы 4935,9 шаршы м.

Мектепте 24 оқу кабинеттері бар, оның ішінде

№	Оқу кабинеттері	Саны
1	Зертхана	2
2	Компьютерлік сынып	1
3	Биология	1
4	Физика	1
5	Химия	1
6	Бастауыш	8
7	Математика	1
8	Тарих	1
9	Қазақ тілі мен әдебиет	1
10	Орыс тілі мен әдебиет	1
11	Ағылшын тілі	1
13	Ұлдар технология кабинеті	1
14	Қыздар технология кабинеті	2
15	Шахмат кабинет	1
16	Бастапқы әскери даярлық	1
17	Даярлық сынып	2
18	Спортзал кіші	1
19	Спортзал үлкен	1
20	Психолог кабинеті	1
21	Дефектолог	1
22	Әдістемелік кабинет	1

23	Іс-жүргізуші кабинеті	1
24	Мед.кабинеті,	1
25	Кітапхана- (99,7 ш. м.)- 16 орын	1
26	Акт зал (126,1)	1 (126)
27	Асхана (131,5)	1 (132)

Мектеп туралы ақпарат

Мектептің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ, «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025
жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, мектеп жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мектептің негізгі қызметі – білім алушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру, олардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім беру ұйымының тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Мақсаты:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын іске асыру негізінде педагогтердің кәсіби шеберлігі мен цифрлық құзыреттілігін жетілдіру, жасанды интеллект пен заманауи педагогикалық технологияларды оқу үдерісіне мақсатты әрі жауапты енгізу арқылы білім сапасын арттыруға, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, дербестігін және шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау.

Міндеттері:

Педагогтердің кәсіби қажеттіліктері мен цифрлық құзыреттілік деңгейін анықтап, әдістемелік қолдауды соған сәйкес ұйымдастыру.

Мұғалімдердің жасанды интеллект құралдарын сабақ жоспарлау, тапсырмаларды саралау, оқу материалдарын бейімдеу және кері байланыс әзірлеу үшін тиімді қолдану дағдыларын дамыту.

Оқытуда зерттеушілік, жобалық, проблемалық және ынтымақтастыққа негізделген әдістерді жетілдіру.

Білім алушылардың оқу қажеттіліктерін ескере отырып, қолжетімді әрі сараланған оқытуды ұйымдастыру.

Оқушылардың функционалдық және цифрлық сауаттылығын, сыни ойлауын, ақпаратты тексеру және өз шешімін негіздеу дағдыларын дамыту.

Қалыптастырушы бағалау мен кері байланысты жетілдіру, оқу жетістіктерін талдау нәтижелерін оқытуды жақсартуға пайдалану.

Жасанды интеллектіні қолдануда академиялық адалдықты, дербес деректердің қорғалуын және авторлық құқықты сақтауға бағытталған ортақ тәсілдерді қалыптастыру.

Сабақты зерттеу, өзара сабаққа қатысу, тәлімгерлік және тәжірибе алмасу арқылы педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын нығайту.

Цифрлық құралдарды қолдану кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін, денсаулығын және оқу жүктемесін ескеру.

Әдістемелік жұмыстың тиімділігін педагогикалық тәжірибедегі өзгерістер мен оқушылардың оқу нәтижелері негізінде бағалау.

Мектептің миссиясы:

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті, сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, қоғамдағы өзгерістерге бейімделе алатын, жауапты, бастамашыл, адамгершілігі жоғары және құзыретті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

Мектептің жұмыс тәртібі және білім беру дағдыларын ұйымдастыру:

Мектеп бес күндік жұмыс аптасында, бір ауысымда жұмыс істейді. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Сабақтар сағат 09:00-де басталып, оқу процесі сағат 15:10-да аяқталады. Мектеп құрылымында мектепалды даярлық сыныптары жұмыс істейді (қазақ және орыс тілінде). Мектепте 2 мектеп жанындағы «Балдырған» қысқа мерзімді және «Балауса» толық мерзімді шағын орталық жұмыс жасайды.

Мектепте 19 сынып-комплект бар. Білім алушылардың жалпы саны – 204, оның ішінде мектепалды даярлықта 20 бала білім алуда.

Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың жас ерекшеліктері, жеке қабілеттері мен қажеттіліктері ескеріле отырып ұйымдастырылады. Білім сапасын арттыру, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту және оқу жетістіктерін жүйелі бақылау мектеп қызметінің басым бағыттары болып табылады.

Мектептің даму бағдарламасы

Бағдарлама мектептің қазіргі заманғы жағдайына талдау жасау негізінде әзірленеді және мектептің білім беру жүйесінің дамуының басқарылуын анықтайтын құжат болып табылады.

Тақырыбы: «Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген шығармашыл тұлға қалыптастыра отырып оқыту арқылы білім сапасын арттыру».

Мақсаты: мектептегі білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Міндеттері:

1. Педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету.
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту
3. Жас ұрпақтың азаматтық белсенділігін арттыру
4. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту
5. Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру
6. Білім беру сапасын бағалау
7. Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету

Мектепті дамытудың негізгі бағыттары:

- Білім беру сапасын арттыру үдерісін мақсатты түрде басқару;
- Республикалық кәсіпалды жобаларға қатысу;
- Барлық білім алушылардың қабілеттерін дамыту мақсатында жеке білім беру траекториясын дараландыру;
- Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге рухани-адамгершілік тәрбие беру және оларды әлеуметтендіру;
- Кәсіби стандарт талаптары аясында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту бойынша жұмыс жүргізу;
- Мектепте қауіпсіз орта қалыптастыру және оны жетілдіру.

II. Кадрлық құрамды талдау

Мектеп әкімшілігі туралы:

р/н	Аты-жөні	Лауазымы, бірлік	Білімі	Жалпы еңбек өтілі	Басшы ретінде еңбек өтілі	Басшы біліктілік санаты	Біліктілігін арттыру курсы (күні, орны)
1	Шайгазин Канат Балтабаевич	Меткеп директоры 1 бірлік	жоғары	42 жыл	36 жыл	Жоқ	2026 жыл ПШО
2	Билялова Жанара Сагатовна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары 1 бірлік	жоғары	36 жыл	23 жыл	Үшінші санатты басшы орынбасары 2021 жыл	2026 жыл ҚҚД БАО «Bilimzet»
3	Турсымбаева Анаргуль Ерденовна	Мектеп директорының инновация ісінің меңгерушісі 1 бірлік	жоғары	16 жыл	1 жыл	Үшінші санатты басшы орынбасары 2025 жыл	2026 жыл ПШО
4	Каиржанова Сания Ермрзаевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 0,5 бірлік	жоғары	16 жыл	9 жыл	Үшінші санатты басшы орынбасары 2021 жыл	
5	Оразалина Махаббат Дюсембаевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 0,5 бірлік	жоғары	12 жыл	1 жыл	Жоқ	2026 жыл ПШО

Мектептің әкімшілік-басқару құрамында 5 қызметкер бар. Олардың барлығының жоғары білімі бар. Әкімшілік қызметкерлердің жалпы педагогикалық еңбек өтілі 12 жылдан 42 жылға дейін, ал басшылық қызметтегі еңбек өтілі 1 жылдан 36 жылға дейінгі аралықты қамтиды.

Басқарушы кадрлардың кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру курстарынан өту жұмыстары жүргізілуде. Үш қызметкерде «Үшінші санатты басшы орынбасары» біліктілік санаты көрсетілген.

Алдағы уақытта әкімшілік-басқару кадрларының кәсіби құзыреттілігін дамыту, біліктілікті арттыру курстарынан уақытылы өтуін қамтамасыз ету және басқарушылық қызметтің тиімділігін жетілдіру жұмыстары жалғастырылады.
Мектеп әкімшілігінің орындары тұрақты, біліктілік санаттары 60%. Біліктілік арттыру курстарынан 100% -өткендері байқалуда.

Мұғалімдердің сапалық құрамы. Білім беру сапасы айтарлықтай мөлшерде педагогикалық құрамның сапасымен айқындалады. Өсіп келе жатырған ұрпақты сапалы оқытатын және тәрбиелейтін жоғары білікті педагог білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Педагогтардың біліктілігінен және шеберлігінен, олардың түпкілікті нәтижедегі педагогикалық және кәсіптік сапаларынан оқушылардың білім алу жетістіктерінің нәтижелері тәуелді болады. Қанаш Қамзин атындағы ЖОББМ бойынша 2023-2024 оқу жылында – 25, 2022-2023 оқу жылы – 24, 2023-2024оқу жылында – 24 педагог кадрлар жұмыс жасады. 4 жылдық педагог қызметкерлерінің білімі мен біліктілігі бойынша көрсеткіштер

Оқу жылдары	Педагогтер саны	Жоғары білімді	%	Арнайы орта білімді	%
2023-2024 оқу жылы	36	32	89%	4	11%
2024-2025 оқу жылы	36	32	89%	4	11%
2025-2026 оқу жылы	34	32	94%	2	6%
2026-2027 оқу жылы	33	31	94%	2	6%

Мектеп педагогтерінің саны - 33, оның ішінде 31 мұғалім жоғары білімі бар, 2 арнайы орта білімі бар. Жоғарыдағы кестеден 2025-2026 оқу жылы мұғалімдердің білімнің арту пайызы 94% болса, биыл 94% бір қалыпта. . Сонымен қатар орта арнайы білімді мұғалімдер санын 2023-2024 оқу жылымен салыстырсақ 11%-дан 6%-ға төмендеген (-5-ға) кемігенін көруге болады.

Қорытынды: Жоғарыда келтірілген көрсеткіштерді негізге ала отырып, меткеп педагогтерінің білім алу көрсеткіштері артқанын көруге болады.

Санаттары бойынша үлесі

Оқу жылдары	Педагогтер саны	Жоғары, Педагог зерттеуші	Педагог-сарапшы	II Педагог модератор	педагог
2023-2024 оқу жылы	36	10/28%	3/8%	17/47%	6/16%
2024-2025 оқу жылы	36	9/25%	2/5%	22/61%	3/8%
2025-2026 оқу жылы	34	6/18%	3/8%	19/56%	8/24%
2026-2027 оқу жылы	33	7/21%	2/6%	20/61%	5/15%

2023–2024 – 2026–2027 оқу жылдарындағы педагогтердің біліктілік санаттарына жүргізілген талдау мектепте педагог-модераторлардың үлесі басым екенін көрсетті. Олардың саны 17-ден 20 педагогке дейін өсті. Педагог-зерттеушілер саны 10-нан 7-ге дейін азайып, соңғы оқу жылында 1 педагогке артты. Педагог-сарапшылар саны тұрақты деңгейде сақталды. Санаты жоқ педагогтер саны 6-дан 5-ке дейін төмендеді.

Жалпы, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, біліктілік санаттарын көтеруге ынталандыру, тәжірибе алмасу және педагог-зерттеуші мен педагог-сарапшы санаттарына үміткер мұғалімдермен мақсатты жұмыс жүргізу қажет. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жоба туралы»Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 5 маусымдағы № 159-НҚ бұйрығы Биылғы 2026-2027 оқу жылына 4 педагог пилоттық жоба аясында сарапшы санатына ұсынылды.

Педагогикалық өтілі

Оқу жылдары	Педагогтер саны	3 жылға дейін	3-тен 15 жылға дейін	16-дан 25 жылға дейін	25 жылдан астам
2023-2024 оқу жылы	36	4	15	14	12
2024-2025 оқу жылы	36	4	20	12	9
2025-2026 оқу жылы	34	7	13	13	9
2026-2027 оқу жылы	33	4	14	14	12

2023–2024 – 2026–2027 оқу жылдарындағы педагогтердің еңбек өтіліне жүргізілген талдау ұжымда кәсіби тәжірибесі мол мұғалімдердің бар екенін көрсетеді. 16–25 жыл еңбек өтілі бар педагогтер саны 12–14 аралығында сақталған. 25 жылдан астам еңбек өтілі бар педагогтер саны 9–12 аралығында өзгеріп отыр. 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер санының өзгеруі жас мамандармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты жас педагогтерге тәлімгерлік қолдау көрсету, тәжірибелі мұғалімдердің озық тәжірибесін тарату және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Педагогтердің жас құрамы

Оқу жылдары	Педагогтер саны	30 жасқа толмаған	30-дан 50 жасқа дейін	50 жастан асқан	зейнеткерлер	Педагогикалық ұжымның орта жасы
2023-2024 оқу жылы	36	3	18	13	2	43,5
2024-2025 оқу жылы	36	2	21	11	2	43,3
2025-2026 оқу жылы	34	3	18	12	1	42,8
2026-2027 оқу жылы	33	4	20	8	1	41,2

2023–2024 – 2026–2027 оқу жылдарындағы педагогикалық ұжымның жас құрамына жүргізілген талдау жас педагогтердің саны біртіндеп артып келе жатқанын көрсетеді. 30 жасқа толмаған педагогтер саны 3-тен 4-ке дейін өсті. 30–50 жас аралығындағы педагогтер ұжымның негізгі бөлігін құрайды. 50 жастан асқан педагогтер саны 13-тен 8-ге дейін азайды. Шартты есептеу бойынша ұжымның орташа жасы 43,5 жастан 41,2 жасқа дейін төмендеген. Бұл педагогикалық ұжым құрамының біртіндеп жасарып келе жатқанын көрсетеді.

Жас мамандар көрсеткіштері

Оқу жылдары	Келген жас мамандар	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Көтерме ақы алуы	Пәтер алуы	Тұрақтылығы
2023-2024 оқу жылы	2	2	0	1	0	тұрақты

2024-2025 оқу жылы	1	1	0	1	0	тұрақсыз
2025-2026 оқу жылы	1	1	0	0	0	тұрақты
2026-2027 оқу жылы	2	2	0	0	0	тұрақты

2023–2024 – 2026–2027 оқу жылдарындағы мәліметтерге сәйкес, мектепке жас мамандарды тарту жұмысы жүргізілуде. Төрт оқу жылында мектепке барлығы 6 жас маман қабылданған, олардың барлығы жоғары білімді. 2023–2024 және 2024–2025 оқу жылдарында бір жас маманға көтерме ақы берілген. Жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші жоқ. 2024–2025 оқу жылында кадрлардың тұрақсыздығы байқалғанымен, кейінгі оқу жылдарында тұрақтылық сақталған. Алдағы уақытта жас мамандардың кәсіби бейімделуіне қолдау көрсету, тәлімгерлік жұмысты жүйелеу және оларды мектепте тұрақтандыруға бағытталған шараларды күшейту қажет.

Мұғалімдердің қайта даярлау курстары туралы мәліметтер

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері бойынша жоспарланған көрсеткіштер орындалуда. Мұғалімдер жыл сайын қайта даярлау курсынан өтеді.

Оқу жылдары	**2023-2024 оқу жылы (II жартыжылдық)**	**2024-2025 оқу жылы**	**2025-2026 оқу жылы**	**2026-2027 оқу жылы (1 тоқсан)**
Мұғалімдердің жалпы саны	36	36	34	33
Курстық даярлаудан өту	31 (86%)	19 (53%)	28(82%)	33(100%)

2023–2024 – 2026–2027 оқу жылдарындағы көрсеткіштерге сәйкес, мектепте педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмысы жүргізілуде. 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында курстық даярлықтан өткен педагогтер үлесі 86%-ды, 2024–2025 оқу жылында 53%-ды, 2025–2026 оқу жылында 82%-ды құрады. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында бұл көрсеткіш 100%-ға жетті. Соңғы оқу жылындағы оң нәтиже педагогтердің кәсіби дамуына көңіл бөлінетінін көрсетеді.

. III. **Білім алушылардың контингенті**

Ағымдағы оқу жылының оқу аптасы 5 күннен құрылған, 1 ауысымда оқиды. Оқу мемлекеттік және орыс тілінде (аралас) жүргізіледі. 2026-2076 оқу жылында мектепте 204 оқушымен қамтылған, 20 сынып, 19 комплектілі сынып бар.

Оқу жылдары	**1 сынып оқушылар саны**	**Бастауыш білім беру (2-4)**	**Негізгі орта білім беру (5-9)**	**Жалпы орта білім беру (10-11)**	**Мектеп бойынша (2-11)**
2023-2024 оқу жылы (II жартыжылдық)	27	84	133	12	229

2024-2025 оқу жылы	28	81	133	4	218
2025-2026 оқу жылы	13	75	113	4	192
2026-2027 оқу жылы	23	64	108	9	181

2023-2026 оқу жылдарындағы мәліметтер бойынша мектептегі оқушылар санының тұрақты төмендеуі байқалады. Оқушылар контингенті 229-дан 181-ге дейін азайып, жалпы 48 оқушыға кеміген. Бастауыш сыныптардағы оқушылар саны 84-тен 64-ке, негізгі орта білім беру сатысында 133-тен 108-ге төмендеген. 1-сыныпқа қабылданған оқушылар саны 27-ден 23-ке өзгергенімен, 2025–2026 оқу жылында 13 оқушыға дейін азайған. Оқушылардың қозғалуы объективті себептермен, негізінен тұрғылықты жерінің өзгеруімен байланысты. Сонымен қатар колледж, дарынды балаларға арналған гимназия-интернат, лицей, НЗМ-не түсу себептері .

Білім алушының контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылы		**2024-2025 оқу жылы**		**2025-2026 оқу жылы**		**2026-2027 оқу жылы**	
келген	**кеткен**	**келген**	**кеткен**	**келген**	**кеткен**	**келген**	**кеткен**
9	**24**	**17**	**44**	**6**	**10**	**5**	**1**

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы негізінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері бойынша оқыту процесін ұйымдастыру.

Оқу жылдары	**2023-2024 оқу жылы (II жартыжылдық)**	**2024-2025 оқу жылы**	**2025-2026 оқу жылы**	**2026-2027 оқу жылы (1-тоқсан)**
ЕББҚ оқушылар саны	9	5	8	6

Инклюзивті білім беру бойынша талдау

Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту және қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында ЕББҚ оқушылар саны 9 болса, 2024–2025 оқу жылында 5 оқушыны құрады. 2025–2026 оқу жылында олардың саны 8-ге өсіп, 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 6 оқушы тіркелді. Көрсеткіштердің өзгеруі инклюзивті білім беру процесін білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес ұйымдастыруды талап етеді.

2023-2024 оқу жылында (II жартыжылдықта):

№	**Аты-жөні**	**Сыныбы**	**ПМПК анықтамасы**

1	Серік Нұрали Алматұлы	2 а	№7632 от 06.08.2023г Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования/основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого-педагогическая поддержкка: психологом, логопедом
2	Мақаш Ерасыл Қуандықұлы	3 б	Обучение по адаптированной общеобразовательной программе. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения в соответствии с адаптированной программой. Специальная поддержка психологом.
3	Берік Ислам Мадияръұлы	1а	№ 7009 от 06.02.2023г Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования/основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения.Специальная психолого-педагогическая поддержка психологом, логопедом.
4	Зейноллаева Махаббат Жумажановна	8 а	№ 455 от 28.05.2018 1.Обучение по общеобразовательной учебной программе по индивидуальному учебному плану. 2.Психолого-педагогическое соправождение в школе: занятие с дефектологом.
5	Құрмантай Наргиз Қанатқызы	8 а	№ 457 от 28.05.2018 1.Обучение по общеобразовательной учебной программе по индивидуальному учебному плану. 2.Психолого-педагогическое сопровождение в школе: занятие с дефектологом.
6	Егінбеков Дарын Сырымұлы	7 а	№ 453от 28.05.2018г Обучение по общеобразовательной учебной программе по индивидуальному плану. Занятия с дефектологом.
7	Жолдыбаева Самира Руслановна	7а	№ 2187 от 03.05.2019гОбучение по общеобразовательноц программе с индивидуальным подходом в т ч в виде сокращения учебной программы или индивидальному учебному плану. Психолого-педагогическое сопровождение в школе: занятия с дефектологом, психологом, логопедом. Индивидуальный подход и вариативность в оценке учебных достижений ребенка
8	Рахим Мұқарам Кәрімұлы	9а	№ 444 от 05.28.2018 1.Обучение по общеобразовательной учебной программе по индивидуальному учебному плану. 2.Психолого-педагогическое соправождение в школе: занятие с дефектологом.

9	Сүлеймен Айзере Рустамбекқызы	2а	№ 8096 от 27.10.2023г 1. Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования/основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. 2. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. 3. Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом, логопедом

2024-2025 оқу жылында:

№	Аты-жөні	Сыныбы	ПМПК анықтамасы
1	Серік Нұрәлі	3	Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования/основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы (заключения и рекомендации действительны до 31 мая 2025 года), Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения, Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом, логопедом, 08.06.2023, үйде оқыту ВКК г.Павлодар № 1998 от 02.08.2024 года.
2	Сулеймен Айзере	3	Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования/основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы (заключения и рекомендации действительны до 31 мая 2026 года), Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения, Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом, логопедом, 22.08.2024г
3	Жолдыбаева Самира	8	Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования/основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы (заключения и рекомендации действительны до окончания школы), Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения, Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом, 06.05.2024г
4	Егінбеков Дарын	8	Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования/основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы (заключения и рекомендации действительны до окончания школы), Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения, Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом, 06.05.2024г
5	Құрмантай Наргиз	9	Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования/основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы (заключения и рекомендации действительны до окончания школы), Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения, Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом, 06.05.2024г

2025-2026 оқу жылында:

№	Аты-жөні	Сыныбы	ПМПК анықтамасы
1	Аяпберген Заир	2 Б	№10585 от 05.11.2025 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования/ основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, логопедом.
2	Тюлеген Данеля	2 Б	№10525 от 22.10.2025 Задержка психического развития. Легкое нарушение интеллекта? Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, логопедом.
3	Амангелді Алихан	3 А	№10719 от 18.12.2025 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, логопедом.
4	Габиден Алима	3 А	№10716 от 15.12.2025 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, логопедом.
5	Садыкова Айжан	4 А	№10706 от 09.12.2025 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом.
6	Сулеймен Айзере	4 А	№ 9016 от 22.08.2026 Задержка психического развития. Легкое нарушение интеллекта? Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования / основного

			среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, логопедом.
7	Жолдыбаева Самира	9 А	№8739 от 06.05.2024 Задержка психического развития. Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом.
8	Егінбеков Дарын	9 А	№8736 от 06.05.2024 Задержка психического развития. Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом.

2026-2027 оқу жылында:

№	**Аты-жөні**	**Сыныбы**	**ПМПК анықтамасы**
1	Аяпберген Заир	**3 Б**	№10585 от 05.11.2025 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования/ основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, логопедом.
2	Тюлеген Данеля	**3 Б**	№11700 от 28.09.2026 Легкое нарушение интеллекта. Обучение по индивидуальной учебной программе начального образования/ основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Использование специальных учебников для детей с нарушением интеллекта. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, дефектологом.
3	Амангелді Алихан	**4 А**	№10719 от 18.12.2025 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, логопедом.

4	Габиден Алима	**4 А**	№10716 от 15.12.2025 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом, логопедом.
5	Садыкова Айжан	**5 А**	№10706 от 09.12.2025 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом.
6	Сулеймен Айзере	**5 А**	№11682 от 23.09.2026 Задержка психического развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы начального образования / основного среднего образования в условиях общего класса общеобразовательной школы. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения. Специальная психолого – педагогическая поддержка: психологом

Инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту процесін ұйымдастыру бойынша талдау

Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) білім алушылар саны 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында 9 оқушы (3%), 2024–2025 оқу жылында 5 оқушы (2%), 2025–2026 оқу жылында 8 оқушы (4%), ал 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 6 оқушы (2%) тіркелген.

2023–2024 оқу жылының соңында екі білім алушының жағдайында оң өзгерістер байқалуына байланысты олар ЕББҚ бар білім алушылар есебінен шығарылды:

1. Рахим Мұқарам Кәрімұлы 06.05.2024 жыл №8738 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде

2. Зейноллаева Махаббат Жумажановна 06.05.2024 жыл №8740 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде

2024–2025 оқу жылында ЕББҚ бар білім алушылар саны 5 оқушы, 2025–2026 оқу жылында бұл көрсеткіш 8 оқушыға дейін артқан. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында білім алушылар саны 6 оқушыны құрады.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқыту процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктері ескеріледі. Олардың қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсету, оқу тапсырмаларын бейімдеу, педагогтердің өзара ынтымақтастығын қамтамасыз ету және оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу маңызды.

Қорытынды: мектепте ЕББҚ бар білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Алдағы уақытта жеке қолдау көрсету, оқу процесін бейімдеу және әрбір білім

алушы үшін қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру қажет.

Жалпы орта білім беру ұйымының түлектері

Оқу жылдары	**2023-2024 оқу жылы (II жартыжылдық)**	**2024-2025 оқу жылы**	**2025-2026 оқу жылы**	**2026-2027 оқу жылы (1-тоқсан)**
Оқу жылының соңындағы 11-сынып оқушыларының саны	5	4	0	4
Аттестат алған оқушы саны	5	4	0	
«Алтын белгі» иегерлерінің саны	0	0	0	
«Үздік» аттестат иегерлері	0	0	0	
Мектепті «4» пен «5»-ке бітірген оқушы саны	3	3	0	4

Талдау кезеңінде 2023–2024 оқу жылында 5 оқушы, 2024–2025 оқу жылында 4 оқушы мектеп бітіріп, барлығы орта білім туралы аттестат алды. Мектепті «4» пен «5»-ке аяқтаған оқушылар саны екі оқу жылында да 3 оқушыны құрады. «Алтын белгі» және «Үздік» аттестат иегерлері болған жоқ. 2025–2026 оқу жылында 11-сынып түлектері болмаған. 2026–2027 оқу жылында 11-сыныпта 4 оқушы білім алуда деп көрсетілген.

Алдағы уақытта түлектердің білім сапасын арттыру, пәндер бойынша білім олқылықтарын жою және оқушыларды жоғары оқу жетістіктеріне ынталандыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру керек.

IV. Оқу-әдістемелік жұмыстар:

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі

2023-2024 оқу жылына мектептің жұмыстық оқу жоспары:

Қанаш Қамзин атындағы орта мектебінің оқыту тілі – екі тілде (қазақ және орыс тілінде). Мектеп бойынша-260 оқушы, 20 сынып, 20 сынып-комплект.

2023-2024 оқу жылына арналған мектептің оқу-жұмыс жоспары ҚР БҒМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 25 сәуірдегі №3 хаттама) Әдістемелік

нұсқау хатты негізге ала отырып жасалды.

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) ;
- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023ж №264; 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекітутуралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқу- ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен;
- ✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)

2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқытылады.

1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының II жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

Бастауыш сыныптардың жұмыстық оқу жоспары (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023ж №264 (1,2 қосымша) бұйрығы негізінде құрылды.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі 1-сыныпта – 19,5 с., 2-сыныпта – 24 с., 3-сыныпта – 26 с., 4-сыныпта – 26 с., 1 орыс сыныпта – 20,5 с., 2 орыс сыныпта – 25 с., 3 орыс сыныпта – 26 сағат, 4 орыс сыныпта– 27 сағатты құрайды

Вариативті компонентте оқу қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Белсенді қимыл-қозғалысқа арналған 1,2,3,4- сыныптарында «Математика және логика», 2-сыныпта «Тіл дамыту», аптасына 1 сағаттан өтеді. 1-4 қазақ сыныптарында барлық сағаттар саны аптасына - 95,5, жылына 3227,5 сағатты құрайды.

Вариативті компонентте оқу орыс тілінде жүргізілетін 2 сыныпта «Белсенді қимыл- қозғалысқа арналған «Занимательная грамматика» аптасына 1 сағаттан өтеді. Барлық сағаттар 1-4 орыс сыныптарында аптасына- 97,5, жылына 3294,5 сағатты құрайды.

Пән мұғалімдері аталған курстарға арнайы авторлық бағдарламалар

құрастырып, жұмыс жасайды.

1-4 сыныптарда «Өмірлік қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі.Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде, жылдық оқу жүктемесі 1-3 сынытарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан оқытылады.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып оқытылады.

5-11 сыныптарда білім беру процесі:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен. 31.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша мектеп 2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы қазақ тілінде, 7-қосымшасы орыс тілінде, жаратылыстану-математикалық бағытта жұмыс істейтін 10-11 сыныптарда ҚР Оқуағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығының 86-қосымшасы (қазақ тілінде) негізінде жұмыс жасауды шешті.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

5-9 сыныптары бойынша көркем еңбек сабағы ұлдар мен қыздар тобына бөлінді. 5а және 7а сыныптарында бала саны 20 болғандықтан орыс тілі мен әдебиетіне-3 сағат, шетел тіліне -3 сағат, информатикаға -1 сағат бөлінуге берілді. Жалпы 5-9 қазақ сыныптарында барлығы аптасына -176 , жылына 5984 сағатты құрауда.

5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» курстары енгізілді;

5-9-сынып оқушыларының бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық,толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, жұмыста жұмыс істеу білу экологиялық негізгі заңдылықтарымен таныстыру, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды білу, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдары бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйрету мақсатында, оқу құқықтық және діни сауатттылықты қалыптастыруға, яғни, жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыру

үшін вариативтік компонентінен 5-8 қазақ сыныптарына 0,5 сағаттан, 9 қазақ сыныбына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік»
курстарына берілді. 10,11 қазақ сыныптарында жаһандық құзыреттілік
курсына 1 сағаттан берілді.

5-9 орыс сыныптары бойынша көркем еңбек сабағы ұлдар мен қыздар тобына бөлінді. Жалпы 5-9 орыс сыныптарында барлығы аптасына -167 , жылына 5678 сағатты құрауда.

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы», Астана 2023 жыл;
Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспарларындағы вариативтік компонентті қоса алғанда, жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі қазақ сыныптарда 5-сыныпта – 28,5 с., 6-сыныпта – 28,5 с., 7-сыныпта – 31,5 с.,
8-сыныпта – 32,5 с., 9-сыныпта – 34 с., 10-сыныпта – 35 с., 11-сыныпта – 35 с., орыс сыныптарда 5-сыныпта – 29,5 с., 6-сыныпта – 29,5 с., 7-сыныпта – 32,5 с., 8-сыныпта – 33,5 с., 9-сыныпта – 35 с.
Элективті курстар келесідей бөлінді:

Элективті курстар бойынша 10 сыныпта «Жас сарбаз» -1 сағат, Химиядан есептер шығару-1 сағат, 11 сыныпта «Химиядан есептер шығару» -1 сағат, «Эссе жазудың тиімді жолдары» -1 сағат курс бағдарламасы негізінде өткізіледі. Жалпы 10-11 сыныптарында барлығы аптасына -70 , жылына 2380 сағатты құрауда.

2024-2025 оқу жылына мектептің жұмыстық оқу жоспары:

Қанаш Қамзин жалпы орта білім беру мектебінің оқыту тілі – екі тілде (қазақ және орыс тілінде). Мектеп бойынша 2024-2025 оқу жылының II жартылдығында -235 оқушы, 19 сынып, 19 сынып-комплект.

Жаңа оқу жылында қолданылатын нормативті құжаттар: Оқу жұмыс жоспары әдістемелік – нұсқау хатта берілген нормативті құжаттарға сүйене отырып жасалды.

2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) ;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарлдамаларын бекіту туралы» (2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 және 2022 жылғы 21 қарашадағы №467 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

Сыныптардың оқу жүктемесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрық) сәйкес құрылды.

2024-2025 оқу жылында 1-4, 5-9, 10-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттар негізінде әзірленді. Бастауыш буында ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту

министрінің 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылып, 1,2 қосымшасына сәйкес құрастырылды. 5-11 сыныптарда (26.10.2023 ж. № 323 (5-9 сыныптар үшін 6,7 қосымшасына , 11-сыныптар үшін (қазақ сыныбы) 86 қосымшаға сәйкес құрастырылып, жаратылыстану-математикалық бағыты таңдалды).

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 08.11.2012ж №500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығы (қосымша 1,2) негізінде бастауыш беру оқу үрдісі ұйымдастырылды.

• Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәні оқытылады;

• 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылады;

• «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылады;

• 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының II жартыжылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05 2020 ж. № 216 бұйрығы

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі 1-сыныпта – 19,5 с., 2-сыныпта – 24 с., 3-сыныпта – 26 с., 4-сыныпта – 26 с., 1орыс сыныпта -20,5с., 2 орыс -23с., 3 орыс -26с, 4 орыс -27 с.сағатты құрайды. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды.

Жұмыстық оқу жоспары 2 компоненттен тұрады: инвариантты және вариативті.

Вариативті компонентте оқу қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Белсенді қимыл-қозғалысқа арналған 1 сыныпта «Шахмат негіздері», 2 сыныпта «Тіл дамыту», 2,3,4 сыныптарда «Математика және логика» аптасына 1 сағаттан өтеді. Барлық сағаттар 1-4 қазақ сыныптарында апталық- 95,5сағат, жылдық 3227,5 сағатты құрайды.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда вариативтік компонеттен сағаттар типтік оқу жоспары бойынша 2 сыныпта «Тайны речи» аптасына 1 сағаттан өтеді. Барлық сағаттар 1-4 орыс сыныптарында апталық- 97,5сағат, жылдық 3294,5 сағатты құрайды.

5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсын оқытуды жалғастыруда.

Вариативті компонент сағаттары: 5-8 сыныптарға аптасына 0,5 сағат, 9 сыныпта 1 сағат Жаһандық құзіреттіліктер курсы жүргізіледі. Аталған курс 5 юниттен тұрады: «Парасаттылық және әдеп», «Азаматтық және патриотизм», «Экологиялық мәдениет», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Медиасауаттылық».

5-9 сыныптары бойынша көркем еңбек сабағы ұлдар мен қыздар тобына бөлініп оқытылады. 5,6 сыныптарда 2 сағаттан, 7-9 сыныптарда 1 сағаттан. Апталық сағат саны-7, жылдық-238 сағат. Жалпы 5-9 қазақ сыныптары бойынша I жартыжылдықта апталық-169, жылдық-5746 сағатты құраса, II жартыжылдықта

апталық-162, жылдық 5508, 5-9 орыс сыныптарында апталық 167, жылдық-5678 сағатты құрауда.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 11-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсына - 1сағат. Элективті курстар бойынша 11 сыныпта «Химиядан есеп шығару», «Эссе жазудың тиімді жолдары» атты курс бағдарламасы негізінде өткізіледі. Жалпы 11 сыныпта апталық 35 сағат, жылдық 1190 сағатты құрайды.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» негізге ала отырып 6а (қазақ сыныбы) 20 оқушы болғандықтан орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, информатика пәндері 2 топқа бөлініп оқытылды. Ал II жартыжылдықта бала саны қысқарғандықтан (20-ға толмағандықтан) аталған орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, информатика пәндері топқа бөлінбейді.

5-9 сыныптарда толымдылығына қарамастан көркем еңбек пәні ұлдар мен қыздарға екі топқа бөлініп оқытылады.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспарларындағы вариативтік компонентті қоса алғанда, жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі қазақ сыныптарда 5-сыныпта -28,5 с., 6-сыныпта – 28,5 с., 7-сыныпта – 31,5 с., 8-сыныпта – 32,5 с., 9-сыныпта – 34 с., 11-сыныпта – 35 с., орыс сыныптарда 5-сыныпта – 29,5 с., 6-сыныпта – 29,5 с., 7-сыныпта – 32,5 с., 8-сыныпта – 33,5 с., 9-сыныпта – 35 с.

1-4 сыныптарда «Өмірлік қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамсыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде, жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда -6 сағаттан, 4-сыныптарда-10 сағаттан оқытылады. 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәнінің шеңберінде өткізіліп, жылдық оқу жүктемесі -15 сағаттан, 11 сыныпта «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып оқытылады. 5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10-сыныптар) білім беру деңгейінде академиялық жыл аяқталған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізілді.

Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған

кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізіледі.

2025-2026 оқу жылына мектептің жұмыстық оқу жоспары:

Қанаш Қамзин жалпы орта білім беру мектебінің оқыту тілі – екі тілде (қазақ және орыс тілінде). Мектеп бойынша биылғы оқу жылында -205 оқушы. Қазақ сыныбында -123 оқушы, орыс сыныбында -82 оқушы. 19 сынып, 19 сынып-комплект.

Жаңа оқу жылында қолданылатын нормативті құжаттар:

Оқу жұмыс жоспары әдістемелік – нұсқау хатта берілген нормативті құжаттарға сүйене отырып жасалды.

«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025жыл.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

Бастауыш буында Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығы негізінде жүзеге асырылып, 1-4 қазақ сыныптары үшін 1-қосымша, 1-4 орыс сыныптары үшін 2 қосымшасына сәйкес құрастырылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары» (2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 5-9 қазақ сыныптары үшін 6 - қосымша, 5-9 орыс сыныптар үшін 7- қосымша, қазақ тілінде оқитын 10-сынып үшін 86 -қосымшасына сәйкес құрастырылып, жаратылыстану-математикалық бағыты таңдалды;

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы;

«Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы;

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды

аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша жұмыс оқу жоспарын әзірлеу барысында ескерілуі қажет:

- «Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңімен бөлу шеңберінде 4-сыныпта «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» жеке оқытылады, әрқайсысына аптасына 1 сағаттан бөлінеді.

- Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәні оқытылады;

- «Жаратылыстану» пәні 4-сыныпта аптасына 1 сағаттан оқытылады;
- 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының II жартыжылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

2025-2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мыналар:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2–11(12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды;

Сыныптардың оқу жүктемесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрық) сәйкес құрылды;

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы оқу жүктемесі қазақ сыныптары бойынша 1 сыныпта-19,5 сағат, 2-сыныпта -24 сағат, 3-сыныпта -26 сағат, 4-сыныпта -26 сағатты құрап, апталық-95,5, жылдық -3227,5 сағат.

Оқыту тілі қазақ тілінде оқытылатын 5-сыныпта -28,5 сағат, 6-сыныпта- 28,5 сағат, 7-сыныпта- 31,5 сағат, 8-сыныпта -32,5 сағат, 9-сыныпта 34 сағатты құрап, апталық -162, жылдық-5508 сағат, 10-сыныпта апталық -35 сағат, жылдық -1190 сағатты құрап отыр.

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінде оқу қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Белсенді қимыл-қозғалысқа арналған 1 сыныпта «Шахмат негіздері»-1 сағат, 2 сыныпта «Қызықты логика әлемі»-1 сағат, «Шахмат негіздері»-1 сағат, 3 сыныпта «Қызықты есептер мен логикалық ойындар»-1 сағат, 4 сыныпта «Қызықты логика әлемі» - аптасына 1 сағаттан өтеді.

Орыс сыныптары бойынша 1 -сыныпта-20,5 сағат, 2-сыныпта -24 сағат, 3-сыныпта- 26 сағат, 4-сыныпта -27 сағатты құрап, апталық -97,5, жылдық-3294,5

Оқыту орыс тілінде оқытылатын 5-сыныпта -29,5 сағат, 6-сыныпта – 29,5 сағат, 7-сыныпта -32,5 сағат, 8-сыныпта- 33,5 сағат, 9-сыныпта -35 сағатты құрап, апталық- 167, жылдық 5678 сағат.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда вариативтік компонеттен сағаттар типтік оқу жоспары бойынша 2 сыныпта «Тайны речи» аптасына 1 сағаттан өтеді.

Вариативті компонент сағаттары: 5-8 сыныптарға аптасына 0,5 сағат, 9 сыныпта 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы жүргізіледі. Аталған курс 5 юниттен тұрады: «Парасаттылық және әдеп», «Азаматтық және патриотизм», «Экологиялық мәдениет», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Медиасауаттылық».

5-9 сыныптары бойынша көркем еңбек сабағы ұлдар мен қыздар тобына бөлініп оқытылады. 5,6 сыныптарда 2 сағаттан, 7-9 сыныптарда 1 сағаттан. Апталық сағат саны-7, жылдық-238 сағат.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныпқа (оқыту тілі қазақ тілінде) арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсына - 1сағат. Элективті курстар бойынша 10 сыныпта «Экология және қоршаған орта», «Эссе жазудың тиімді жолдары» атты курс бағдарламасы негізінде өткізіледі.

1-4 сыныптарда «Өмірлік қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамсыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде, жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда -6 сағаттан, 4-сыныптарда-10 сағаттан оқытылады.

5-9 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің шеңберінде өткізіліп, жылдық оқу жүктемесі -15 сағаттан, 11 сыныпта «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізіледі.

. 2026-2027 оқу жылына мектептің жұмыстық оқу жоспары:

Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беру мектебінің оқыту тілі – екі тілде (қазақ және орыс тілінде). Мектеп бойынша биылғы оқу жылында -204 оқушы. Қазақ сыныбында -127 оқушы, орыс сыныбында -77 оқушы. 20 сынып, 19 сынып-комплект.

2026-2027 оқу жылында қолданылатын нормативті құжаттар:

Оқу жұмыс жоспары әдістемелік – нұсқау хатта берілген нормативті құжаттарға сүйене отырып жасалды.

«2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2026 жыл.

2026-2027 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру білім беру сапасына қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, жүйелі түрде құрылады және келесі нормативтік құқықтық актілер *(бұдан әрі – НҚА)* негізінде іске асырылады;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығына 1-4 қазақ сыныптары 1- қосымша, 1-4 орыс сыныптары 2-қосымша, 5-9 қазақ сыныптары 6-қосымша, 5-9 орыс сыныптары 7 қосымша, 10-11 қазақ сыныптары жаратылыстану-математикалық бағыты 86 қосымшасы таңдалды;

«Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы;

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы

2026–2027 оқу жылында қолданыстағы пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары жетілдіріліп, жаңа пәндер мен курстар енгізілді:

1. Цифрлық сауаттылықты, қауіпсіз және жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, алгоритмдік ойлауды дамыту және жас ерекшелігіне сәйкес жасанды интеллектіні қолданудың бастапқы дағдыларын меңгерту негізінде 1-4 сыныптарда «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект» пәні;

2. Информатика пәнінің мазмұнын жас ерекшелігіне сәйкес жасанды интеллект тақырыптарымен толықтыру, ЖИ құралдарын саналы, қауіпсіз және тиімді пайдалану, деректермен жұмыс істеу және алгоритмдік ойлау дағдыларын дамыту негізінде 5-9 сыныптарда «Информатика және жасанды интеллект» пәні;

3. Жасанды интеллект технологияларын саналы, қауіпсіз және тиімді қолдану, деректерді талдау, ЖИ модельдерінің жұмыс істеу қағидаттарын түсіну және оларды оқу, зерттеу және практикалық міндеттерді шешуде қолдану дағдыларын дамыту негізінде 10-11 сыныптарда «Информатика және жасанды интеллект» пәні;

4. Білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру, мемлекеттік қорғаныс саласындағы базалық білімді қалыптастыру, әскери қызмет, азаматтық қорғаныс негіздерін меңгерту және алғашқы көмек көрсету дағдыларын дамыту мақсатында 10-11 сыныптарда «Бастапқы әскери даярлық» пәні жүргізіледі.

Міндетті курстар:

5-7 сыныптар үшін мемлекеттік құрылым, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, конституциялық міндеттері туралы негізгі түсініктерді қалыптастыруға бағытталған «Конституция негіздері» курсы;

8-9 сыныптар үшін құқықтық сауаттылықты, әлеуметтік жауапкершілікті және заң талаптарын сақтау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Заң мен Тәртіп» курсы;

10-11 сыныптар үшін құқықтық сауаттылық пен жауапкершілікті дамытуға, құқықтық нормаларды өмірлік жағдайларда қолдануға және қоғамдық өмірге

жауапты қатысу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Заң мен Тәртіп» курсы енгізілді.

5-9, 10-11 сыныптар үшін қоғамдық және цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, қауіпті және қиын жағдайларды анықтауға және қажетті жағдайда көмекке жүгінуге үйретуге бағытталған «Жеке қауіпсіздік» курсы;

«Конституция негіздері» және «Заң мен Тәртіп» курстарын тарих және құқық негіздері мұғалімдері, ал «Жеке қауіпсіздік» курсын педагог-психолог бейнематериалдарды пайдалана отырып, тренинг форматында жүргізеді.

2026-2027 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мыналар:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2–11(12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды;

Сыныптардың оқу жүктемесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес құрылды;

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптары бойынша 1 сыныпта-19,5 сағат, 2-сыныпта - 24 сағат, 3-сыныпта -26 сағат, 4-сыныпта -26 сағат.

«Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 576 қаулысы;

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда белсенді қимыл-қозғалыс сипатында 1 сыныпта «Шахмат негіздері»-1 сағат, 2 сыныпта «Қызықты логика әлемі»-1 сағат, «Шахмат негіздері»-1 сағат, 3 сыныпта «Шахмат негіздері», 4-сыныпта «Қызықты есептер мен логикалық ойындар»-1 сағаттан жүргізіледі. Барлық сағаттар 1-4 қазақ сыныптарында апталық- 95,5сағат, жылдық 3227,5 сағатты құрайды.

Орыс сыныптары бойынша 1 -сыныпта-20,5 сағат, 2-сыныпта -18 сағат (2 сыныпта 1 оқушы болғандықтан 3 сыныппен біріктірілгеніне байланысты 2-3 б сыныбында музыка-1 сағат, еңбеккее баулу-1 сағат, бейнелеу өнері -1 сағат, дене шынықтыру -3 сағат біріктіріліп оқытылады) , 3-сыныпта- 26 сағат, 4-сыныпта -27 сағат.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда вариативтік компонеттен сағаттар типтік оқу жоспары бойынша 2 сыныпта «Тайны речи» аптасына 1 сағаттан өтеді. Барлық сағаттар 1-4 орыс сыныптарында апталық- 91,5сағат, жылдық 3090,5 сағатты құрайды.

«Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект» оқу пәні 1-сыныптарда аптасына 1 сағаттан оқытылып, II жартыжылдықтан бастап жылдық 19 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамсыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде, жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда -6 сағаттан, 4-сыныптарда-10 сағаттан оқытылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып оқытылады.

5-9 сынып білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі қазақ сыныптары бойынша 5-сыныпта -28,5 сағат, 6-сыныпта- 28,5 сағат, 7-сыныпта- 31,5 сағат, 8-сыныпта -32,5 сағат, 9-сыныпта 34 сағатты құрайды.

Вариативті компонент сағаттары: 5-7 сыныптарға аптасына 0,25 сағаттан «Жеке қауіпсіздік», 0,25 сағаттан «Конституция негіздері» , 8- сыныптарға 0,25 сағаттан «Жеке қауіпсіздік», 0,25 сағаттан «Заң мен Тәртіп», 9 сыныптарға 0,5 сағаттан «Жеке қауіпсіздік», 0,5 сағаттан «Заң мен Тәртіп» курсы жүргізіледі.

5-9 сыныптары бойынша көркем еңбек сабағы ұлдар мен қыздар тобына бөлініп оқытылады. 5,6 сыныптарда 2 сағаттан, 7-9 сыныптарда 1 сағаттан. Апталық сағат саны-7, жылдық-238 сағат.

Жалпы 5-9 қазақ сыныптары бойынша апталық-162, жылдық-5508 сағатты құраса, 5-9 орыс сыныптарында апталық 167, жылдық-5678 сағатты құрауда.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде жүргізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәнінің шеңберінде өткізіліп, жылдық оқу жүктемесі -15 сағатты құрайды.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11сыныптары (оқыту тілі қазақ тілінде) жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылады. 10-сыныпта -35сағат, 11-сыныпта -35 сағат. Вариативті компанент негізінде 10- сыныпта 0,5 сағат «Жеке қауіпсіздік», 0,5 сағат «Заң мен Тәртіп», 11 сыныпта 0,5 сағат «Жеке қауіпсіздік», 0,5 сағат «Заң мен Тәртіп» курсына бөлінген. Элективті курстар бойынша 10 сыныпта «Экология және қоршаған орта», «Классикалық механика мен термодинамиканың таңдаулы тараулары», 11 сыныпта «Экология және қоршаған орта», «Эссе жазудың тиімді жолдары» атты курс бағдарламалары негізінде өткізіледі. Жалпы 10-11 сыныптарда апталық 70 сағат, жылдық 2380 сағатты құрайды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-11 сыныптарда «Бастапқы әскери даярлық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады.

Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізіледі.

Оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақыты

2023-2024 оқу жылында ҚР ОАМ 2023 жылғы 4 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы» №304 бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасының 2023 жылғы 4 қазандағы «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы»
№2-02/500 бұйрығы, Ақсу қаласының білім беру бөлімінің 2023 жылғы 10 қазандағы №1-04/770 бұйрығы, Қанаш Қамзин атындағы орта мектебінің 2023 жылғы 11 қазандағы №1-06/204-1 бұйрығы негізінде оқу жылының ұзақтығы мен каникулдар мерзімі айқындалды.

2023-2024 оқу жылының оқу мерзімі:

Тоқсан	Оқу үдірісі	Каникул кезеңдері
1 тоқсан	01.09.2023-27.10.2023	7 күн. 30.10.2023-05.11.2023
2 тоқсан	06.11.2023-28.12.2023	10 күн. 29.12.2023-07.01.2024
3 тоқсан	08.01.2024-20.03.2024	11 күн. 21.03.2024-31.03.2024
4 тоқсан	01.04.2024-25.05.2025	
Қосымша каникул	05.02.2024-11.02.2024	

2024-2025 оқу жылында ҚР ОАМ 2024 жылғы 10 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы» №174 бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасының 2024 жылғы 11 шілдедегі «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2024-
2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы»
№2-02/448 бұйрығы, Ақсу қаласының білім беру бөлімінің 2024 жылғы 19 шілдедегі №1-04/725 бұйрығы, Қанаш Қамзин атындағы орта мектебінің 2024 жылғы 23 тамыздағы №1-06/164 бұйрығы негізінде оқу жылының ұзақтығы мен каникулдар мерзімі айқындалды.

2024-2025 оқу жылының оқу мерзімі:

Тоқсан	Оқу үдірісі	Каникул кезеңдері
1 тоқсан	01.09.2024-25.10.2024	7күн 28.10.2024-03.11.2024
2 тоқсан	04.11-.2024-27.12.2024	10күн 30.12.2024-08.01.2025
3 тоқсан	09.01.2025-20.03.2025	11 күн 21.03.2025-31.03.2025
4 тоқсан	01.04.2025-23.05.2025	
Қосымша каникул	10.02.2025-16.02.2025	

2025-2026 оқу жылында ҚР ОАМ 2025 жылғы 05 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №174 бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасының 2025 жылғы 12 тамыздағы «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №2-02/464 бұйрығы, Ақсу қаласының білім беру бөлімінің 2025 жылғы 14 тамыздағы №1-04/800 бұйрығы, Қанаш Қамзин атындағы орта мектебінің 2025 жылғы 01 қыркүйектегі №1-06/130 бұйрығы негізінде оқу жылының ұзақтығы мен каникулдар мерзімі айқындалды.

2025-2026 оқу жылының оқу мерзімі:

Тоқсан	Оқу үдірісі	Каникул кезеңдері
1 тоқсан	01.09.2025-24.10.2025	7 күн. 27.10.2025-02.11.2025
2 тоқсан	03.11.2025-26.12.2026	10 күн. 29.12.2025-07.01.2026
3 тоқсан	08.11.2026-18.03.2026	11 күн. 19.03.2026-29.03.2026
4 тоқсан	30.03.2026-25.05.2026	
Қосымша каникул	09.02.2026-15.02.2026	

2026-2027 оқу жылында ҚР ОАМ 2026 жылғы 29 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №213-НҚ бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасының 2026 жылғы 17 тамыздағы «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №2-02/422 бұйрығы, Ақсу қаласының білім беру

бөлімінің 2026 жылғы 18 тамыздағы №1-04/534 бұйрығы, Қанаш Қамзин атындағы орта мектебінің 2026 жылғы 25 тамыздағы №1-06/135 бұйрығы негізінде оқу жылының ұзақтығы мен каникулдар мерзімі айқындалды.

2026-2027 оқу жылының оқу мерзімі:

Тоқсан	Оқу үдірісі	Каникул кезеңдері
1 тоқсан	01.09.2026-23.10.2026	7 күн. 26.10.2026-01.11.2026
2 тоқсан	02.11.2026-25.12.2026	14 күн. 28.12.2026-10.01.2027
3 тоқсан	11.01.2027-19.03.2027	7 күн. 22.03.2027-28.03.2027
4 тоқсан	29.03.2027-25.05.2027	
Қосымша каникул	08.02.2027-14.02.2027	

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде іске асырылады.

2023-2024 оқу жылында вариативтік компоненттің элективті курстары мен таңдау пәндерін жүзеге асыру

2023-2024 оқу жылында мектепте білім алушылардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту, пәндер бойынша білімдерін тереңдету, функционалдық сауаттылығын арттыру және кәсіби бағдар беру мақсатында таңдау курстары ұйымдастырылған.

Мектеп бойынша барлығы 22 таңдау курсы жүргізу жоспарланған. Курстар 1–11-сыныптарды қамтиды.

№	Таңдау курстың атауы	Сынып	Жетекшісі	Сағат саны
1	Математика және логика	1а	Казизова Ш.А.	1
2	Математика және логика	2а	Ахметова А.С.	1
3	Тіл дамыту	2а	Котепбай М	1
4	Занимательная грамматика	2б	Ахметова А.С.	1
5	Математика және логика	3а	Букенова А.А.	11
6	Математика және логика	4а	Бипанова Ж.Н.	1
7	Жаһандық құзіреттер	5а	Тлеубаева Д.Ж.	0,5
8	Глобальные компетенции	5б	Болюгенова З.Е.	0,5
9	Жаһандық құзіреттер	6а	Шайгазин К.Б.	0,5
10	Глобальные компетенции	6б	Шайгазин К.Б.	0,5
11	Жаһандық құзіреттер	7а	Тлеубаева Д.Ж.	0,5
12	Глобальные компетенции	7б	Майманова Т.А.	0,5
13	Жаһандық құзіреттер	8а	Тлеубаева Д.Ж.	0,5
14	Глобальные компетенции	8б	Болюгенова З.Е.	0,5
15	Жаһандық құзіреттілік	9а	Майманова Т.А.	1
16	Глобальные компентенции	9б	Майманова Т.А.	1
17	Химиядан есеп шығару	10а	Турсымбаева А.Е.	1
18	Жаһандық құзіреттілік	10а	Шайгазин К.Б.	1
19	Жас сарбаз	10а	Толукпаев А.К	1
20	Бизнес және кәсіпкерлік негіздері	11а	Аширова А.Т.	1
21	Эссе жазудың тиімді жолдары	11а	Шаймерденова М.Ж.	1
22	Химиядан есеп шығару	11а	Турсымбаева А.Е.	1

Бастауыш сыныптарда оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, математикалық және тілдік сауаттылығын дамытуға бағытталған «Математика және логика», «Тіл дамыту», «Занимательная грамматика» курстары енгізілген. Бұл курстар оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіруге, алған білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

5–9-сыныптарда «Жаһандық құзыреттер» курстарына басымдық берілген. Аталған курстар білім алушылардың әлеуметтік, коммуникативтік, азаматтық және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курстар қазақ және орыс

тілдерінде жүргізіледі.

10–11-сыныптарда пәндік білімді тереңдету және кәсіби бағдар беру мақсатында «Химиядан есеп шығару», «Жас сарбаз», «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері», «Эссе жазудың тиімді жолдары» курстары ұйымдастырылған. Бұл курстар оқушылардың пәндік құзыреттілігін, шығармашылық қабілеттерін, жазылым дағдыларын және болашақ мамандықты таңдауға қажетті білімдерін дамытуға ықпал етеді.

Таңдау курстарының мазмұнына жүргізілген талдау мектепте білім алушылардың жас ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктерін ескеруге бағытталған жұмыстардың жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Әсіресе бастауыш буында математикалық және тілдік сауаттылықты дамытуға, негізгі буында жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға, жоғары сыныптарда пәндік білімді тереңдету мен кәсіби бағдар беруге көңіл бөлінген.

2024-2025 оқу жылында вариативтік компоненттің элективті курстары мен таңдау пәндерін жүзеге асыру

№	Таңдау курстың атауы	Сынып	Жетекшісі	Сағат саны
1	Шахмат негіздері	1а	Теңдік Д.Е.	1
2	Тіл дамыту	2а	Казизова Ш.А.	1
3	Математика және логика	2а	Казизова Ш.А.	1
4	Тайны речи	2б	Каиржанова С.Е.	1
5	Математика және логика	3а	Котепбай М	1
6	Математика және логика	4а	Теңдік Д.Е.	1
7	Жаһандық құзіреттілік	5а	Шайгазин К.Б.	0,5
8	Глобальные компентенции	5б	Сыздыкова Б.Ш.	0,5
9	Жаһандық құзіреттілік	6а	Тлеубаева Д.Ж.	0,5
10	Глобальные компентенции	6б	Сыздыкова Б.Ш.	0,5
11	Жаһандық құзіреттілік	7а	Шайгазин К.Б.	0,5
12	Глобальные компентенции	7б	Сыздыкова Б.Ш.	0,5
13	Жаһандық құзіреттілік	8а	Тлеубаева Д.Ж.	0,5
14	Глобальные компентенции	8б	Сыздыкова Б.Ш.	0,5
15	Жаһандық құзіреттілік	9а	Майманова Т.А.	1
16	Глобальные компентенции	9б	Майманова Т.А.	1
17	Жаһандық құзіреттілік	11а	Тлеубаева Д.Ж.	1
18	Эссе жазудың тиімді жолдары	11а	Каиржанова А.А.	1
19	Химиядан есеп шыңару	11а	Турсымбаева А.Е.	1

2024-2025 оқу жылында мектепте білім алушылардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту, біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, функционалдық сауаттылығын арттыру және шығармашылық әлеуетін қалыптастыру мақсатында таңдау курстары ұйымдастырылған.

Оқу жоспарына сәйкес барлығы 19 таңдау курсы енгізілген. Курстар 1–9 және 11-сыныптар аралығын қамтиды. 10-сыныпта таңдау курстары қарастырылмаған.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың логикалық ойлауын, тілдік және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған «Шахмат негіздері», «Тіл дамыту», «Математика және логика», «Тайны речи» курстары жүргізіледі. Бұл курстар оқушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін және математикалық сауаттылығын жетілдіруге ықпал етеді.

5–9-сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» және «Глобальные компетенции» курстары ұйымдастырылған. Аталған курстар білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне, сыни ойлауына, қарым-қатынас жасау дағдыларына және қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерді түсінуіне бағытталған.

11-сыныпта оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындық деңгейін арттыру және пәндік білімдерін тереңдету мақсатында «Эссе жазудың тиімді жолдары», «Химиядан есеп шығару» курстары, сондай-ақ «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілген.

Жалпы, мектепте таңдау курстары білім алушылардың жас ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған. Курстардың мазмұны оқушылардың танымдық, тілдік, логикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

2025-2026 оқу жылында вариативтік компоненттің элективті курстары мен таңдау пәндерін жүзеге асыру

№	Таңдау курстың атауы	Сынып	Жетекшісі	Сағат саны
1	Шахмат негіздері	1а	Теңдік Д.Е.	1
2	Шахмат негіздері	2а	Жетписбай Х	1
3	Қызықты логика әлемі	2а	Жетписбай Х	1
4	Тайны речи	2б	Каиржанова С.Е.	1
5	Қызықты есептер мен логикалық ойындар	3а	Казизова Ш.А.	1
6	Қызықты логика әлемі	4а	Жетписбай Х	1
7	Жаһандық құзыреттіліктер	5а	Тлеубаева Д.Ж.	0,5
8	Глобальные компентенции	5б	Майманова Т.А.	0,5
9	Жаһандық құзыреттіліктер	6а	Шайгазин Қ.Б.	0,5
10	Глобальные компентенции	6б	Сыздыкова Б.Ш.	0,5
11	Жаһандық құзыреттіліктер	7а	Тлеубаева Д.Ж.	0,5
12	Глобальные компентенции	7б	Сыздыкова Б.Ш.	0,5
13	Жаһандық құзыреттіліктер	8а	Шайгазин Қ.Б.	0,5
14	Глобальные компентенции	8б	Майманова Т.А.	0,5
15	Жаһандық құзыреттіліктер	9а	Майманова Т.А.	1
16	Глобальные компентенции	9б	Майманова Т.А.	1
17	Жаһандық құзыреттіліктер	10а	Тлеубаева Д.Ж.	1
18	Экология және қоршаған орта	10а	Тлеубаева Д.Ж.	1
19	Эссе жазудың тиімді жолдары	10а	Каиржанова А.А.	1

2025-2026 оқу жылында мектепте білім алушылардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен жеке қабілеттерін ескере отырып, білім сапасын арттыруға, танымдық белсенділігін дамытуға және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған таңдау курстары ұйымдастырылған.
Оқу жоспарына сәйкес барлығы 19 таңдау курсы жүргізіледі. Курстар 1–10-сынып оқушыларын қамтиды.

1–4-сыныптарда оқушылардың логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған «Шахмат негіздері», «Қызықты логика әлемі», «Қызықты есептер мен логикалық ойындар», «Тайны речи» курстары енгізілген. Бұл курстар бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтауын және тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

5–9-сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» және «Глобальные компетенции» курстары жүргізіледі. Аталған курстар оқушылардың сыни ойлауын, қарым-қатынас жасау, ақпаратты талдау, әлеуметтік ортаға бейімделу және өмірлік жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

10-сыныпта «Жаһандық құзыреттіліктер», «Экология және қоршаған орта», «Эссе жазудың тиімді жолдары» курстары қарастырылған. Курстар оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарауына, жазбаша сауатты сөйлеу және өз ойын жүйелі жеткізу қабілеттерін дамытуға бағытталған.

2026-2027 оқу жылында вариативтік компоненттің элективті курстары мен таңдау пәндерін жүзеге асыру

№	Таңдау курстың атауы	Сынып	Жетекшісі	Сағат саны
1	«Шахмат негіздері»	1а	Котепбай М.	1
2	«Шахмат негіздері»	2а	Теңдік Д.Е.	1
3	«Қызықты логика әлемі»	2а	Жетписбай Х	1
4	«Тайны речи»	2б	Ибраева Б.А.	1
5	«Шахмат негіздері»	3а	Жетписбай Х	1
6	«Қызықты есептер мен логикалық ойындар»	4а	Казизова Ш.А.	1
7	«Конституция негіздері»	5а	Майманова Т.А.	0,25
8	«Основы Конституции»	5б		0,25
9	«Конституция негіздері»	6а		0,25
10	«Основы Конституции»	6б		0,25
11	«Конституция негіздері»	7а		0,25
12	«Основы Конституции»	7б		0,25
13	«Заң мен Тәртіп»	8а		0,25
14	«Закон и Порядок»	8б		0,25
15	«Заң мен Тәртіп»	9а		0,5
16	«Закон и Порядок»	9б		0,5
17	«Заң мен Тәртіп»	10а		0,5
18	«Закон и Порядок»	11а		0,5
19	«Жеке қауіпсіздік»	5а	Оразалина М.Д.	0,25
20	«Жеке қауіпсіздік»	5б		0,25
21	«Жеке қауіпсіздік»	6а		0,25
22	«Жеке қауіпсіздік»	6б		0,25
23	«Жеке қауіпсіздік»	7а		0,25
24	«Жеке қауіпсіздік»	7б		0,25
25	«Жеке қауіпсіздік»	8а		0,25
26	«Жеке қауіпсіздік»	8б		0,25
27	«Жеке қауіпсіздік»	9а		0,5
28	«Жеке қауіпсіздік»	9б		0,5
29	«Жеке қауіпсіздік»	10а		0,5
30	«Жеке қауіпсіздік»	11а		0,5
31	«Классикалық механика мен термодинамиканың таңдаулы тараулары»	10а	Канашева З.	
32	«Экология және қоршаған орта»	10а	Тлеубаева Д.Ж.	
33	«Экология және қоршаған орта»	10а	Тлеубаева Д.Ж.	
34	«Эссе жазудың тиімді жолдары»	11а	Шаймерденова М.Ж.	

Мектептің 2026–2027 оқу жылына арналған таңдау курстарының тізіміне сәйкес білім алушылардың қызығушылықтарын дамытуға, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіруге, құқықтық сауаттылығын арттыруға, жеке қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға және жаратылыстану-математикалық бағыттағы білімдерін тереңдетуге арналған курстар қарастырылған.

Таңдау курстары бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін қамтиды. Курстардың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне бағытталған.

Сонымен қатар пән мұғалімдерінің тарапынан авторлық бағдарламалары толығымен жасалған.

Білім алушылардың контингенті

Ағымдағы оқу жылы оқу аптасы 5 күннен құрылған, 1 ауысымда оқиды. Оқу мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі. 2026-2027 оқу жылында мектепте 204 оқушымен қамтылған, 20 сынып, 19 комплектілі сынып.

Білім алушылар контингентінің құрылымы және білім сапасы

1. Оқу кезеңдері бойынша 3 жылға білім сапасының көрсеткіштері

Оқу жылы	Оқушылар саны	1 сыныптар саны	Оқушылар саны			Білім сапасы			
			Бастауыш білім беру 2-4	Негізгі орта білім беру 5-9	Жалпы орта білім беру 10-11	2-4	5-9	10-11	мектеп бойынша2-11
2023-2024 оқу жылы II жартыжылдық	258	27	84	135	12	60,7 %	33,3%	50%	49,7%
2024-2025 оқу жылы	236	29	79	124	4	58,2 %	39,5%	75%	47,3%
2025-2026 оқу жылы	204	13	73	114	4	68,4 %	71,9%	100%	71,2%
2026-2027 оқу жылы (I тоқсан)	205	23	66	107	9	69,6 %	70%	89%	70,9%

Соңғы 3 жылда оқушылар саны біртіндеп кему динамикасы байқалады. Себебі 2023-2024 оқу жылында негізгі мектеп курсын 24 білім алушы аяқтап, барлығы колледжге грантпен түсті. Ал бастауыш буыннан 5 оқушы Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатына түсті. 2024-2025 оқу жылында негізгі меткеп курсын 28 оқушы аяқтап, 24 оқушы колледжге грантпен түсті. Бастауыш буыннан 1 оқушы Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия -интернатына түссе, 6 орыс сыныбынан 1 оқушы Назарбаев атындағы зияткерлік мектебіне, 6 қазақ сыныбынан 1 оқушы ОМЛИОД-қа түсті. 2025-2026 оқу жылында негізгі метктеп курсын 25 оқушы аяқтап, 20 оқушы колледжге грантпен түсті. Бастауыш буыннан 1 оқушы Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия- интернатына, 1 оқушы дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназияға түсті. Мектептегі оқушылар контингентінің азаюы бірқатар факторларға байланысты. Атап айтқанда, 9-сынып түлектерінің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына грантқа оқуға түсуі, 5-сынып оқушыларының дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдарына ауысуы, сондай-ақ елді мекеннің қалаға жақын орналасуы оқушылар санының азаюына әсер етуде.

Үш жылдың білім сапасын салыстыратын болсақ 2023-2024 оқу жылында бастауыш буынның білім сапасы 60,7% құрауда, орта буында 33,3%, жоғары буында 50% құрап, мектеп бойынша білім сапасы 49,7% «Мүмкіндік» деңгейді құрап отыр.

2024-2025 оқу жылында бастауыш буын бойынша білім сапасы 58,2% құрап (-2,5-ке) кеміп «Жеткілікті» деңгейді құрады. Орта буын бойынша білім сапасы 39,5% (+6,2-ге) көтерілген. Жоғары буында білім сапасы 75% құрап (+25-ке) артқаны байқалды. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы 47,3% құрап, алдыңғы жылмен салыстырсақ (-2,4-ке) сәл төмендеген.

2025-2026 оқу жылында бастауыш буында білім сапасы 68,4% (+10,2-ге артқан). «Ұтымды» деңгейді құрауда. Орта буынның білім сапасы 70%, алдыңғы жылмен салыстырсақ

(-1,9-ға) сәл кеміген. Бірақ «Бір қалыпты» деңгейді құрап отыр. Жоғары буын бойынша білім сапасы 89% «Жақсы» деңгейде. Алдыңғы жылмен білім сапасын салыстырсақ (-11-ге) кеміген. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы 70,9% құрап отыр. Өткен жылмен білім сапасын салыстыратын болсақ (0,3-ке) сәл кеміген.

2. Оқу кезеңдері бойынша 3 жылға озаттар мен екінділер саны

Оқыту кезеңдері	2023-2024 II жартыжылдық		2024-2025 оқу жылы		2025-2026 оқу жылы		2026-2027 оқу жылы	
	озат	екпінді	озат	екпінді	озат	екпінді	озат	екпінді
1-4 сыныптар	18	33	9	37	11	39	7	39
5-9 сыныптар	11	47	11	38	7	75	8	67
10-11 сыныптар	0	6	0	3	1	3	1	7
Жалпы:	**29**	**86**	**20**	**78**	**19**	**117**	**16**	**113**

Мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін талдау барысында 1–4, 5–9 және 10–11-сыныптардағы үздік («озат») және жақсы («екпінді») оқушылардың саны қарастырылды. Талдау нәтижелері білім алушылардың оқу жетістіктеріндегі өзгерістерді анықтауға және білім сапасын арттыру бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

1–4-сыныптар. 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында 18 озат және 33 екпінді оқушы болса, 2026–2027 оқу жылында 7 озат және 39 екпінді оқушы тіркелген. Озат оқушылар саны 11-ге азайған, ал екпінді оқушылар саны 6-ға артқан. Бұл кезеңде озат оқушылар санын көбейту және оқушылардың жоғары оқу нәтижелерін тұрақтандыру бағытында жұмыс жүргізу қажет.

5–9-сыныптар. 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында 11 озат және 47 екпінді оқушы болған. 2025–2026 оқу жылында екпінді оқушылар саны 75-ке дейін өсіп, 2026–2027 оқу жылында 67-ні құраған. Соңғы кезеңде екпінді оқушылар саны 8-ге, озат оқушылар саны 1-ге азайған. Осыған байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде пәндер бойынша білім сапасын жүйелі бақылау, білімдегі олқылықтарды анықтау және жеке қолдау жұмыстарын ұйымдастыру маңызды.

10–11-сыныптар. 2023–2024 және 2024–2025 оқу жылдарында озат оқушылар болмаған. 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында 1 озат оқушыдан тіркелген. Екпінді оқушылар саны 2024–2025 оқу жылындағы 3 оқушыдан 2026–2027 оқу жылында 7 оқушыға дейін артқан.

Пәндер бойынша бастауыш буынның оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері:

Пән атауы	**2023-2024 оқу жылы II жартыжылдық**	**2024-2025 оқу жылы**	**2025-2026 оқу жылы**	**2026-2027 оқу жылы I тоқсан**	**динамикасы**

Қазақ тілі	67%	66%	70%	76%	+6
Әдебиеттік оқу	64%	66%	69%	62%	-4
Математика	66%	65%	67%	62%	-5
Орыс тілі	64%	66%	74%	68%	-6
Шетел тілі	65%	68%	74%	58%	-16
Жаратылыстану	73%	75%	75%	65%	-10
Дүниетану	70%	68%	66%	64	-2
Цифрлық сауаттылық және ЖИ	-	-	-	65%	
Музыка	-	-	-	100%	
Еңбекке баулу	-	-	-	100%	
Бейнелеу өнері	-	-	-	100%	
Дене шынықтыру	-	-	-	100%	
	61%	58%	68%	70%	+2

Қорытынды: Бастауыш буында пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда -70% құрап, динамикасы (+2-ге) артқаны байқалды. Өсу динамикасын қазақ тілі 76% (+6-ға) пәнінен байқауға болады. Ал кему динамикасын әдебиеттік оқу пәні 62% (-4-ке), математика пәні 62% (-5-ке), орыс тілі пәні 68%, (-6-ға), шетел тілі пәні 58% (-16-ға), жаратылыстану пәні 65% (-10-ға), дүниетану пәні 64% (-2-ге) төмендеген. Бастауыш буында жеке пәндерден төмендеу себебі 2 орыс сыныбында 1 оқушы. Яғни аталған оқушының әдебиеттік оқу, орыс тілі, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндерінен қорытынды бағасы «3». Сондықтан бұл пәндердің білім сапасы 0% құрап отыр (пән мұғалімдері Ибраева Б.А., Каиржанова С.Е., Латыева У.Б.). II тоқсандағы оқушымен қосымша жұмыс жасау, оқудың барлық сатысында білім алушылардың білім алу сапасына мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіру арқылы білім сапасын арттыру керектігі ұсынылады. Жалпы сыныптардың үлгерімі бойынша білім сапасын салыстырсақ соңғы екі жылда өсу динамикасын көруге болады. 2025-2026 оқу жылында білім сапасы 68%, 2026- 2027 оқу жылында 70% көрсетіп (+2-ге) көтерілген.

Пәндер бойынша орта буынның оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері:

Пән атауы	**2023-2024 оқу жылы II жартыжылдық**	**2024-2025 оқу жылы**	**2025-2026 оқу жылы**	**2026-2027 оқу жылы I тоқсан**	**динамикасы**
Қазақ тілі	62%	59%	70%	70%	Бір қалыпты
Қазақ әдебиеті	63%	60%	70%	71%	+1
Қазақ тілі мен әдебиеті	52%	55%	76%	70%	-6
Орыс тілі	56%	50%	75%	74%	-1
Орыс әдебиеті	71%	65%	75%	76%	+1
Орыс тілі мен әдебиеті	65%	68%	76%	74%	-2
Шетел тілі	62%	75%	72%	72%	Бір қалыпты
Математика	62%	57%	69%	70%	+1
Алгебра	41%	41%	75%	72%	-3
Геометрия	39%	38%	74%	74%	Бір қалыпты

Информатика және жасанды интеллект	60%	55%	80%	-	+25
Жаратылыстану	70%	70%	77%	73%	-4
Физика	61%	65%	80%	83%	+3
Химия	63%	74%	81%	98%	+17
Биология	62%	72%	76%	74%	-2
География	65%	60%	82%	80%	-2
Қазақстан тарихы	62%	58%	75%	74%	-1
Дүниежүзі тарихы	68%	70%	75%	-	+5
Құқық негіздері	79%	91%	85%	-	-6
Жалпы:	**43%**	**40%**	**71%**	**70**	-0,1

Орта буын пәндері бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау

2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығы, 2024–2025 оқу жылы, 2025–2026 оқу жылы және 2026–2027 оқу жылының I тоқсаны бойынша білім сапасының көрсеткіштерін салыстыру нәтижесінде кейбір пәндер бойынша оң динамика қалыптасса, жекелеген пәндерде көрсеткіштердің төмендеуі байқалады.

1. Тілдік пәндер бойынша талдау

Қазақ тілі. Білім сапасы 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында 62%, 2024–2025 оқу жылында 59%, 2025–2026 оқу жылында 70%. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында көрсеткіш 70% деңгейінде сақталды.

Қазақ әдебиеті. Көрсеткіш 63%-дан 60%-ға төмендеп, кейін 70%-ға көтерілген. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 71%-ды құрап, өткен оқу жылымен салыстырғанда 1 пайызға артқан. Пән бойынша соңғы екі кезеңде оң динамика байқалады.

Қазақ тілі мен әдебиеті. Білім сапасы 52%-дан 55%-ға, кейін 76%-ға дейін жоғарылаған. Алайда 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 70%-ды құрап, 6 пайызға төмендеген.

Орыс тілі. Көрсеткіш 56%, 50%, 75% және 74%. Соңғы кезеңде 1 пайызға төмендеу байқалады. Дегенмен 2024–2025 оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы 24 пайызға жоғары.

Орыс әдебиеті. Білім сапасы 71%-дан 65%-ға төмендеген, кейін 75%-ға көтеріліп, 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 76%-ды құрады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 1 пайызға өскен. Пән бойынша тұрақты оң динамика байқалады.

Орыс тілі мен әдебиеті. Көрсеткіш 65%-дан 68%-ға, одан кейін 76%-ға өсті. Ағымдағы оқу жылының I тоқсанында 74%-ды құрап, 2 пайызға төмендеді.

Шетел тілі. Білім сапасы 2023–2024 оқу жылында 62%, 2024–2025 оқу жылында 75%, 2025–2026 оқу жылында 72%. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында да 72% деңгейінде сақталған. Соңғы кезеңде өзгеріс жоқ, ал бастапқы кезеңмен салыстырғанда 10 пайызға жоғары.

2. Математика және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер

Математика. Білім сапасы 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында 62%, 2024–2025 оқу жылында 57%, 2025–2026 оқу жылында 69%. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 70%-ға жетіп, 1 пайызға артқан.

Алгебра. Көрсеткіш алғашқы екі кезеңде 41%, 2025–2026 оқу жылында 75%-ға көтерілді. Ағымдағы оқу жылының I тоқсанында 72%-ды құрап, 3 пайызға төмендеді.

Геометрия. Білім сапасы 39%-дан 38%-ға төмендеп, кейін 74%-ға көтерілді. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 74% деңгейінде сақталды.

Информатика және жасанды интеллект. 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығындағы көрсеткіш 60%, 2024–2025 оқу жылында 55%, 2025–2026 оқу жылында 80%. Пән бойынша 2024–2025 оқу жылы мен 2025–2026 оқу жылының білім сапасын салыстырғанда оң динамика байқалады: +25 пайыз.

Жаратылыстану. Көрсеткіш 70%, 70%, 77% және 73%. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында өткен оқу жылымен салыстырғанда 4 пайызға төмендеген.

Физика. Білім сапасы 61%-дан 65%-ға, кейін 80%-ға көтерілді. Ағымдағы оқу жылының I тоқсанында 83%-ды құрап, 3 пайызға артқан. Бұл пән бойынша төрт кезең ішінде тұрақты оң динамика байқалады.

Химия. Көрсеткіш 63%, 74%, 81% және 98% болды. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында білім сапасы 17 пайызға артқан.

Биология. Білім сапасы 62%-дан 72%-ға, одан кейін 76%-ға көтерілді. Ағымдағы оқу жылының I тоқсанында 74%-ды құрап, 2 пайызға төмендеді.

География. Көрсеткіш 65%, 60%, 82% және 80% болды. Соңғы кезеңде 2 пайызға төмендеу байқалады.

3. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша талдау

Қазақстан тарихы. Білім сапасы 62%-дан 58%-ға төмендеп, 2025–2026 оқу жылында 75%-ға көтерілді. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 74%-ды құрап, 1 пайызға төмендеді. Жалпы алғанда, алғашқы кезеңмен салыстырғанда нәтиже 12 пайызға жоғары.

Дүниежүзі тарихы. Көрсеткіш 68%, 70% және 75%. Алдыңғы екі оқу жылында білім сапасы біртіндеп жоғарылаған. Пән бойынша 2024–2025 оқу жылы мен 2025–2026 оқу жылының білім сапасын салыстырғанда оң динамика байқалады: +5 пайыз.

Құқық негіздері. Білім сапасы 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында 79%, 2024–2025 оқу жылында 91%, 2025–2026 оқу жылында 85% болды. Пән бойынша 2024–2025 оқу жылы мен 2025–2026 оқу жылының білім сапасын салыстырғанда кему динамикасы байқалады: -6 пайыз.

4. Жалпы көрсеткіш бойынша талдау

Білім сапасы 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында 43%, 2024–2025 оқу жылында 40%, 2025–2026 оқу жылында 71%, 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында 70%.

2026–2027 оқу жылының I тоқсанындағы жалпы көрсеткіш өткен оқу жылымен салыстырғанда 1 пайызға төмендеген. 2024–2025 оқу жылымен салыстырғанда 30 пайызға жоғары.

5. Қорытынды

Салыстырмалы талдау нәтижесінде 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында оң динамика қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, математика, физика және химия пәндерінде байқалады. Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, орыс тілі мен әдебиеті, алгебра, жаратылыстану, биология, география және Қазақстан тарихы пәндерінде өткен оқу жылымен салыстырғанда кему динамикасы байқалады. Қазақ тілі мен шетел тілі бойынша көрсеткіш тұрақты сақталған.

Білім сапасын арттыру мақсатында төмендеу байқалған пәндер бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау, жеке және сараланған тапсырмаларды қолдану, оқу мақсаттарын меңгеру деңгейін жүйелі бақылау және қалыптастырушы бағалау нәтижелеріне сүйене отырып түзету жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады.

Пәндер бойынша жоғары буынның оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері:

Пән атауы	2023-2024 оқу жылы II жартыжылдық	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы I тоқсан	динамикасы
Қазақ тілі	58%	75%	100%	-	+25
Қазақ әдебиеті	58%	75%	100%	90%	-10
Орыс тілі мен әдебиеті	68%	75%	100%	100%	Бір қалыпты
Шетел тілі	61%	75%	100%	100%	Бір қалыпты
Алгебра және анализ бастамалары	52%	75%	100%	90%	
Геометрия	52%	75%	100%	90%	
Информатика және жасанды интеллект	71%	75%	100%	100%	Бір қалыпты
Физика	68%	75%	100%	100%	Бір қалыпты
Химия	68%	100%	100%	100%	Бір қалыпты
Биология	78%	75%	100%	100%	Бір қалыпты
География	85%	75%	100%	100%	Бір қалыпты
Қазақстан тарихы	68%	75%	100%	100%	Бір қалыпты
Дүниежүзі тарихы	58%	75%	100%	-	+25
Құқық негіздері	78%	100%	100%	-	Бір қалыпты
Жалпы:	**50%**	**75%**	**100%**	**90%**	**-10**

Жоғары буынның оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау

2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығы, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарының қорытындылары мен 2026–2027 оқу жылының I тоқсанындағы көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде жоғары буын бойынша білім сапасының жалпы оң динамикасы байқалғанымен, ағымдағы оқу жылының I тоқсанында өткен оқу жылымен салыстырғанда төмендеу тіркелген.

2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында жалпы білім сапасы 50% болса, 2024–2025 оқу жылында 75%-ға көтеріліп, 25 пайызға артқан. 2025–2026 оқу жылында көрсеткіш 100%-ға жеткен. Ал 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында жалпы білім сапасы 90%-ды құрап, өткен оқу жылымен салыстырғанда 10 пайызға төмендеген.

Пәндер бойынша салыстырмалы талдау

Қазақ тілі. 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығында білім сапасы 58% болса,

2024–2025 оқу жылында 75%-ды, 2025–2026 оқу жылында 100%-ды құрады. Осылайша, екі оқу жылы аралығында көрсеткіш 42 пайызға артқан.

Қазақ әдебиеті. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 58%, 2024–2025 оқу жылында 75%, ал 2025–2026 оқу жылында 100% болды. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында көрсеткіш 90%-ды құрап, өткен оқу жылымен салыстырғанда 10 пайызға төмендеді. Соған қарамастан, қазіргі көрсеткіш 2023–2024 оқу жылындағы нәтижеден 32 пайызға жоғары.

Орыс тілі мен әдебиеті. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 68%, 2024–2025 оқу жылында 75%, 2025–2026 оқу жылында 100%. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында да 100% көрсеткіші сақталған.

Шетел тілі. Білім сапасы 2023–2024 оқу жылындағы 61%-дан 2024–2025 оқу жылында 75%-ға, 2025–2026 оқу жылында 100%-ға дейін өскен. 2026–2027 оқу

жылының I тоқсанында да 100% деңгейінде сақталды. Пән бойынша оң өзгерістер байқалып, жоғары нәтиже тұрақтылығын көрсетіп отыр.

Алгебра және анализ бастамалары. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 52%, 2024–2025 оқу жылында 75%, 2025–2026 оқу жылында 100%. Ағымдағы оқу жылының I тоқсанында көрсеткіш 90%-ды құрап, 10 пайызға төмендеген.

Геометрия. 2023–2024 оқу жылындағы 52% көрсеткіш 2024–2025 оқу жылында 75%-ға, 2025–2026 оқу жылында 100%-ға дейін көтерілген. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында білім сапасы 90%-ды құрап, өткен оқу жылымен салыстырғанда 10 пайызға төмендеген.

Информатика және жасанды интеллект. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 71%, 2024–2025 оқу жылында 75%, 2025–2026 оқу жылында 100% болған. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында да 100% көрсеткіші сақталған.

Физика. Білім сапасы 2023–2024 оқу жылындағы 68%-дан 2024–2025 оқу жылында 75%-ға, 2025–2026 оқу жылында 100%-ға дейін артқан. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында да 100% деңгейінде сақталды.

Химия. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 68%, 2024–2025 оқу жылында 100% болды. 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарының көрсеткіштері де 100%-ды құрайды. Соңғы үш оқу кезеңінде жоғары нәтиже тұрақты сақталған.

Биология. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 78%, 2024–2025 оқу жылында 75%, 2025–2026 оқу жылында 100%. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында да 100% көрсеткіші сақталған.

География. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 85%, 2024–2025 оқу жылында 75%, 2025–2026 оқу жылында 100%-ды құрады. Ағымдағы оқу жылының I тоқсанында көрсеткіш 100% деңгейінде сақталған. Пән бойынша соңғы екі оқу кезеңінде жоғары нәтиже қалыптасқан.

Қазақстан тарихы. Білім сапасы 2023–2024 оқу жылында 68%, 2024–2025 оқу жылында 75%, 2025–2026 оқу жылында 100%. 2026–2027 оқу жылының I тоқсанында да 100% көрсеткіші сақталған.

Дүниежүзі тарихы. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 58%, 2024–2025 оқу жылында 75%, 2025–2026 оқу жылында 100%-ды құрады. Пән бойынша 2024–2025 оқу жылы мен 2025–2026 оқу жылының білім сапасын салыстырғанда оң динамика байқалады: +25 пайыз.

Құқық негіздері. 2023–2024 оқу жылында білім сапасы 78%, 2024–2025 оқу жылында 100%-ға жеткен. 2025–2026 оқу жылында да 100% деңгейінде сақталған. Пән бойынша 2024–2025 оқу жылы мен 2025–2026 оқу жылының білім сапасын салыстырғанда бірқалыпты 100 пайыз.

Қорытынды:

Жоғары буын бойынша 2023–2024 оқу жылының II жартыжылдығынан бастап 2025–2026 оқу жылына дейін білім сапасының жалпы көрсеткіші 50%-дан 100%-ға дейін көтерілген.

2026–2027 оқу жылының I тоқсанында жалпы білім сапасы 90%-ды құрап, өткен оқу жылымен салыстырғанда 10 пайызға төмендеген. Қазақ әдебиеті, алгебра және анализ бастамалары, геометрия пәндері бойынша көрсеткіштер 100%-дан 90%-ға түскен. Ал орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, информатика және жасанды интеллект, физика, химия, биология, география және Қазақстан тарихы пәндері бойынша 100% білім сапасы сақталған.

Осыған байланысты білім сапасы төмендеген пәндер бойынша оқу жетістіктеріне талдау жүргізіп, білім алушылардың қиындықтарын анықтау, жеке және қосымша жұмыстар ұйымдастыру, білімдегі олқылықтарды жою және пән

мұғалімдерінің оқу нәтижелерін тұрақтандыруға бағытталған жұмыстарын жүйелі түрде бақылау ұсынылады.

Жалпы алғанда, жоғары буында білім сапасы өткен жылдармен салыстырғанда жоғары деңгейде сақталғанымен, ағымдағы оқу жылының I тоқсанында төмендеу байқалған пәндер бойынша түзету жұмыстарын жүргізу қажет.

«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының жүзеге асырылуы

«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының жүзеге асырылуы

Мектепте Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының талаптарын іске асыру бағытында оқу-тәрбие, әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізіледі. Білім беру ұйымының қызметінде мемлекеттік тілдің қолданылуына, білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға, тіл мәдениетін қалыптастыруға және өзге тілдерді оқып-үйренуге жағдай жасауға ерекше назар аударылады.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту, қазақ халқының рухани-мәдени мұрасына құрметпен қарауды қалыптастыру мектептің оқу-тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік тілді оқыту сапасын қамтамасыз етуде қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің қызметі маңызды рөл атқарады. Бірлестік құрамында төрт педагог жұмыс істейді. Олардың барлығының дипломдық мамандығы оқытатын пәндеріне сәйкес келеді.

Әдістемелік бірлестіктегі педагогтердің еңбек өтілі 16 жылдан 35 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл ұжымда тәжірибелі мамандардың кәсіби әлеуеті қалыптасқанын көрсетеді. Барлық педагогтің «педагог-модератор» санаты бар. Мұғалімдердің кәсіби тәжірибесі мен әдістемелік мүмкіндіктері мемлекеттік тілді оқыту сапасын жетілдіруге және оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруға негіз болады.

Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 білім сапасының көрсеткіштері:

Пән атауы	2023-2024 оқу жылы II жартыжылдық	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы I тоқсан	динамикасы
Қазақ тілі	62%	59%	70%	70%	Бір қалыпты
Қазақ әдебиеті	63%	60%	70%	71%	+1
Қазақ тілі мен әдебиеті	52%	55%	76%	70%	-6
Қазақ тілі	58%	75%	100%	-	+25
Қазақ әдебиеті	58%	75%	100%	90%	-10

2026-2027 оқу жылының I тоқсаны бойынша Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен білім сапасы

Пән	Сынып	Тоқсан	Оқушы саны	Үлгерім			Үлгерім %	Сапа %
				Үздік	Жақсы	Қанағат		
Қазақ тілі	5 а	I	13	-	8	5	100	61

Қазақ әдебиеті	5 а	I	13	-	8	5	100	61
Қазақ тілі	6 а	I	18	3	10	5	100	72
Қазақ әдебиеті	6 а	I	18	3	11	4	100	78
Қазақ тілі	7 а	I	6	1	3	2	100	67
Қазақ әдебиеті	7 а	I	6	-	4	2	100	67
Қазақ тілі	8 а	I	14	2	8	4	100	71
Қазақ әдебиеті	8 а	I	14	2	8	4	100	71
Қазақ тілі	9 а	I	10	-	8	2	100	80
Қазақ әдебиеті	9 а	I	10	-	8	2	100	80
Қазақ тілі	10 а	I	5	-	-	-	-	-
Қазақ әдебиеті	10 а	I	5	1	3	1	100	80
Қазақ тілі	11 а	I	4	-	-	-	-	-
Қазақ әдебиеті	11 а	I	4	3	1	0	100	100
Қазақ тілі	1 б	I	-	-	-	-	-	-
Қазақ тілі	2 б	I	1	-	1	-	100	100
Қазақ тілі	3 б	I	8	-	5	3	100	62
Қазақ тілі	4 б	I	11	0	8	3	100	72
Қазақ тілі мен әдебиеті	5 б	I	10	2	5	3	100	70
Қазақ тілі мен әдебиеті	6 б	I	8	3	3	2	100	75
Қазақ тілі мен әдебиеті	7 б	I	12	2	6	4	100	67
Қазақ тілі мен әдебиеті	8б	I	8	2	3	3	100	62,5
Қазақ тілі мен әдебиеті	9 б	I	8	-	6	2	100	75

2. Мемлекеттік тілді насихаттау және қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға деген қызығушылықты арттыру бағытындағы атқарылған іс-шаралар.

Мектепте жыл сайын мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, қазақ халқының мәдени мұрасы мен әдеби құндылықтарын насихаттау, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту және қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі танымдық, зияткерлік, шығармашылық және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылады.

Оқу жылы барысында Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің апталығы, мәнерлеп оқу байқаулары, эссе жазу және сурет салу байқаулары, интеллектуалдық ойындар, пікірталастар мен дөңгелек үстелдер өткізіледі. Сонымен қатар оқушылардың білімін тереңдету, шығармашылық қабілеттерін дамыту және қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын кеңінен таныту мақсатында ашық сабақтар, пәндік сайыстар мен кітап көрмелері ұйымдастырылады.

Аталған іс-шаралар аясында оқушылардың мемлекеттік тілге деген құрметін қалыптастыруға, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, сөздік қорын байытуға, өз ойын еркін әрі сауатты жеткізу дағдыларын дамытуға басымдық беріледі. Қазақ халқының көрнекті ақын-жазушыларының шығармашылығын

насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіру жұмыстары жүзеге асырылады.

Іс-шаралардың мазмұны жыл сайын оқу жоспары мен әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарына сәйкес айқындалып, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескеріледі. Өткізілген жұмыстардың нәтижелері талданып, белсенді қатысқан оқушылар мен байқау жеңімпаздары марапатталады.

Атап айтқанда, 2026-2027 оқу жылының қыркүйек айында Қазақ тілі мен әдебиеті пән апталығы өткізілді. Апталық жоспарға сәйкес «Ұлы даланың ұлы есімдері» тақырыбында өткізілді.

Апталықтың ашылуы «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты жиынмен басталып, оған 5–11 сынып оқушылары қатысты. Апталық барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және қазақ тілі мен әдебиетіне деген құрметін қалыптастыру мақсатында түрлі танымдық, шығармашылық және зияткерлік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, «Сөз әлеміне саяхат» танымдық ойыны, «Тіл білгірі» интеллектуалдық сайысы, «Тапқыр болсаң, тауып көр», «Тілім – тірегім, соғып тұрған жүрегім» сайыстары, «Тіл – ұлттың жаны» дөңгелек үстелі өткізілді. Сонымен қатар «Ақтамберді жырау», «Әшекей бұйымдар. Орфография және орфоэпия», «Көкшетау. Дефис арқылы жазылатын сөздер», «Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті екінші қабатта» тақырыптарында ашық сабақтар ұйымдастырылып, өткізілді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы» тақырыбында Мұқағали Мақатаевтың шығармалары бойынша эссе сайысы, «Ыбырай әлемі» тақырыбында сурет сайысы және «Ыбырай лебі – ұрпақ үні» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сондай-ақ мектеп кітапханасында «Жамбыл жырлары – ұрпаққа аманат» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Апталықтың соңында жабылу жиыны өткізіліп, белсенді қатысқан оқушылар мен сайыс жеңімпаздары марапатталды.

Жалпы, апталық барысында оқушылар өз білімдерін шыңдап, шығармашылық қабілеттерін танытып, қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттырды.

3. Оқу процесінде мемлекеттік тілдің қолданылуы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен қолданыстағы оқу бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылады. Сабақ барысында оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға, сөздік қорын байытуға, сауатты жазу мен әдеби тіл нормаларын сақтауға назар аударылады.

Пән мұғалімдері білім алушылардың жас ерекшеліктерін, тілдік дайындық деңгейін және жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, әртүрлі оқыту әдістерін қолданады. Мәтінмен жұмыс, пікір алмасу, шығармашылық тапсырмалар, эссе жазу, көркем шығармаларды талдау және ауызша жауап беру арқылы оқушылардың мемлекеттік тілде ойын жүйелі жеткізу дағдылары қалыптастырылады.

Қазақ әдебиетін оқыту барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін таныту, көркем шығармалар арқылы адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жұмыстары жүзеге асырылады.

4. Әдістемелік бірлестіктің қызметі

Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің жұмысы пәндерді оқыту сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға бағытталады.

Әдістемелік бірлестік аясында оқу бағдарламаларының орындалуы, қысқа мерзімді жоспарлардың сапасы, бағалау нәтижелері, оқушылардың біліміндегі олқылықтар және тілдік дағдыларды дамыту жолдары қарастырылады.

Педагогтер сабақтарда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, оқу және жазу мәдениетін қалыптастыру бағытында тәжірибе алмасады. Сонымен қатар оқушылардың пәндік олимпиадаларға, шығармашылық байқауларға және тілдік іс-шараларға қатысуына жағдай жасалады.

5. Тілдерді дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстары

Мектепте мемлекеттік тілге құрмет сезімін қалыптастыру және оның қоғамдық өмірдегі маңызын түсіндіру мақсатында тілдік және әдеби-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, Тілдер күніне арналған іс-шаралар, қазақ тілі мен әдебиеті апталығы, мәнерлеп оқу байқаулары, әдеби кештер, шығармашылық жұмыстар және танымдық сайыстар өткізіледі.

Бұл жұмыстар оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруға, ұлттық мәдени мұраны құрметтеуге, тілдік әдепті сақтауға және өз ойын мемлекеттік тілде еркін жеткізуге ықпал етеді.

Тәрбие жұмыстары барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарымен сабақтастық сақталып, ұлттық мүдде, отансүйгіштік, жауапкершілік және мәдени мұраға құрмет ұстанымдары насихатталады.

6. Мемлекеттік тілдің іскағаздары мен ақпараттық ортада қолданылуы

Мектептің ресми құжаттарын әзірлеу және рәсімдеу кезінде мемлекеттік тілдің қолданылуына назар аударылады. Бұйрықтар, хаттамалар, жоспарлар, есептер, анықтамалар және басқа да ұйымдастырушылық құжаттар қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Мектептің ақпараттық ортасында мемлекеттік тілдегі ақпараттардың сауатты берілуіне, хабарландырулар мен көрнекі материалдардың тілдік нормаларға сәйкестігіне мән беріледі. Ақпараттық стендтерде және мектепішілік іс-шараларға арналған материалдарда қазақ тілінің дұрыс қолданылуы тіл мәдениетін қалыптастырудың бір бөлігі ретінде қарастырылады.

7. Құжаттаманың жүргізілуі

«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының жүзеге асырылуы бойынша мектепте жүргізілетін жұмыстар педагогикалық кеңес хаттамаларында, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің хаттамаларында, сондай-ақ жүргізілген іс-шаралар мен бақылау жұмыстарының қорытындылары туралы анықтамаларда көрініс табады. Аталған құжаттарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту, тіл мәдениетін қалыптастыру және тілдерді оқыту сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар қамтылады.

8. Бақылау және нәтижелерді бағалау

Мемлекеттік тілдің қолданылуы мен қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің оқытылу сапасы мектепішілік бақылау аясында зерделенеді. Бақылау барысында оқу бағдарламаларының орындалуы, сабақтардың ұйымдастырылуы, білім алушылардың оқу жетістіктері, жазба жұмыстарының сапасы және тілдік дағдыларының қалыптасу деңгейі қарастырылады.

Талдау нәтижелері бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою, үлгерімі төмен білім алушылармен қосымша жұмыс жүргізу, бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Қорытынды

Мектепте «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының талаптарын жүзеге асыру оқу-тәрбие процесі, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту, педагогтердің әдістемелік қызметі және мектептің ақпараттық ортасын ұйымдастыру бағыттары бойынша қарастырылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің құрамындағы төрт педагогтің де дипломдық мамандығы оқытатын пәндеріне сәйкес келеді. Педагогтердің еңбек өтілі мен кәсіби тәжірибесі мемлекеттік тілді оқыту сапасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, білім алушылардың қазақ тілінде сауатты сөйлеу және жазу дағдыларын дамыту, тілдік пәндер бойынша білім сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және мектеп құжаттарында мемлекеттік тілдің қолданылуын бақылау жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылады.

1. Бастауыш сынып әдістемелік бірлестік мүшелерінің сапалық құрамы:

№	Бірлестік мүшелерінің ТАӘ	Туған жылы	Білімі, бітірген оқу орны, жылы	Диплом бойынша мамандығы	Беретін пәні	Еңбек өтілімі	Санаты, алған жылы
1	Жетписбай Хуандаг	29.09.1983	**Жоғары** Кокшетау пед.коллед 2006 ПМУ 2018	Бастауыш сынпып мұғалімі	Бастауыш сынып 3 А	19 жыл	Педогог-зерттеуші 2025
2	Ибраева Балауса Алтаевна	10.06.1986	**Жоғары** ППМУ 2021	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сынып 3б,2б	1,1 ж	Санаты жоқ
3	Казизова Шайзат Арыстанбековна	24.09.1981	**Жоғары** Павлодар пед.кол 2002 ПаУ 2005	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сынып 4А	24	Педагог-модератор 2023
4	Каиржанова Сания Ермрзаевна	18.12.1983	**Жоғары** ППК 2004 ж ИНЕУ 2018	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сынып 4Б	16	Педогог-зерттеуші 2026
5	Котепбай Маржангул	25.10.1983	**Жоғары** ПМУ 2007 ПМПИ 2014	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сынып 1 А	16	Педагог-модератор 2023
6	Теңдік Динара Ерсиновна	20.10.1996	**Жоғары** ПМПУ 2020	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сынып 2 А	7	Санаты жоқ
7	Латыева Умут Боранбаевна	24.03.1975	**Орта-арнаулы** ППК 1994 ж	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сынып 1 Б	1,9 ж	Санаты жоқ

Педагогтердің жалпы құрамы:

Әдістемелік бірлестік құрамында барлығы 7 педагог бар. Олардың 6-уы жоғары білімді, 1-еуі орта арнаулы білімді. Педагогтердің барлығы бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша қызмет атқарады.

Педагогтердің еңбек өтіліне талдау:

Кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша педагогтердің еңбек өтілі әртүрлі. Бірлестік құрамында тәжірибелі мұғалімдермен қатар еңбек жолын жаңадан бастаған педагогтер де бар.

- 20 жылдан жоғары еңбек өтілі бар: 1 педагог — Казизова Шайзат Арыстанбековна (24 жыл).
- 15–19 жыл еңбек өтілі бар: 3 педагог — Жетписбай Хуандаг (19 жыл), Каиржанова Сания Ермрзаевна (16 жыл), Котепбай Маржангул (16 жыл).
- 10 жылдан аз еңбек өтілі бар: 3 педагог — Ибраева Балауса Алтаевна, Теңдік Динара Ерсиновна, Латыева Умут Боранбаевна.

Біліктілік санаттарына талдау:

Кестеге сәйкес, педагог-зерттеуші санаты Жетписбай Хуандаг пен Каиржанова Сания Ермрзаевнаға, педагог-модератор санаты Казизова Шайзат Арыстанбековна мен Котепбай Маржангулға берілген. Ибраева Балауса Алтаевна мен Теңдік Динара Ерсиновнада санат жоқ деп көрсетілген. Латыева Умут Боранбаеваның санаты туралы мәлімет нақтылануы қажет.

Біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі жалпы құрамның 57,1%-ын құрайды, егер тек нақты көрсетілген санаттар есепке алынса. Санаты көрсетілмеген педагог туралы мәлімет толықтырылғаннан кейін көрсеткіш нақтыланады.

Білім деңгейі мен кәсіби әлеуеті:

Педагогтердің 85,7%-ының жоғары білімінің болуы әдістемелік бірлестіктің кәсіби әлеуетінің жақсы деңгейде екенін көрсетеді. Бірлестік құрамындағы тәжірибелі мұғалімдер жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетіп, тиімді оқыту әдістерін таратуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, біліктілік санаты жоқ педагогтердің кәсіби дамуына, сабақ беру әдістемесін жетілдіруіне және аттестаттауға дайындалуына жағдай жасау маңызды.

Қорытынды және ұсыныстар:

Жалпы, бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің кадрлық әлеуеті жеткілікті. Педагогтердің басым бөлігінің жоғары білімді болуы және бірқатарының педагог-зерттеуші мен педагог-модератор санаттарына ие болуы бастауыш білім беру сапасын арттыруға негіз болады.

2. Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің сапалық құрамы

№	Бірлестік мүшелерінің Т.А.Ә	Туған жылы	Білімі бітірген оқу орны,жылы	Диплом бойынша мамандық	Беретін пәні	Еңбек өтілі	Санаты, алған жылы
1	Жанкаринова Айнур Масгутовна	19.02.1984	ПГПК 2004 ППУ 2024	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Қазақ тілі мен әдебиеті	17	Педагог-модератор
2	Билялова Жанар Сағатовна	12.03.1971	ПМУ 1996	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Қазақ тілі мен әдебиеті	35	Педагог-модератор

3	Каиржанова Айнур Аяпбергенова	30.12.1982	ПМПИ 2005	Қазақ тілі мен әдебиеті және шетел тілі мұғалімі	Қазақ тілі мен әдебиеті	16	Педагог-модератор
4	Шаймерденова Мадина Жандарбековна	07.05.1984	ПМУ 2007	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Қазақ тілі мен әдебиеті	18	Педагог-модератор

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің кадрлық құрамы педагогтердің білімі, мамандығы, еңбек өтілі және біліктілік санаттары төмендегідей:

1. Педагогтердің жалпы құрамы

Әдістемелік бірлестік құрамында 4 педагог бар. Олардың барлығы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді және диплом бойынша тиісті педагогикалық мамандыққа ие.

2. Білім деңгейі мен кәсіби даярлығы

Бірлестік құрамындағы барлық мұғалімнің жоғары педагогикалық білімі бар. Жанкаринова Айнур Масгутовна ПГПК-ны 2004 жылы және ППУ-ды 2024 жылы, Билялова Жанар Сағатовна ПМУ-ды 1996 жылы, Каиржанова Айнур Аяпбергенова ПМПИ-ды 2005 жылы, Шаймерденова Мадина Жандарбековна ПМУ-ды 2007 жылы бітірген. Педагогтердің мамандықтары оқытатын пәндеріне сәйкес келеді. Бұл әдістемелік бірлестіктің пәндік және кәсіби әлеуетінің жеткілікті екенін көрсетеді.

3. Еңбек өтілі бойынша талдау

Бірлестік мұғалімдерінің еңбек өтілі 16 жылдан 35 жылға дейін. Орташа еңбек өтілі — 21,5 жыл. Бұл ұжымда кәсіби тәжірибесі мол педагогтердің басым екенін көрсетеді.

Әсіресе ұзақ жылдық тәжірибесі бар мұғалімдердің әдістемелік тәжірибесін тарату, жас мамандарға тәлімгерлік қолдау көрсету және тиімді оқыту әдістерін бірлесіп қолдану мүмкіндігі бар.

4. Біліктілік санаттарына талдау

Бірлестіктегі төрт педагогтің барлығында педагог-модератор біліктілік санаты көрсетілген. Бұл — педагогтерді кәсіби дамыту, аттестаттауға даярлау және біліктілік санаттарын көтеру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Педагогтердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету үшін біліктілікті арттыру курстарына қатысу, пәндік семинарлар мен конференцияларға қатысу, авторлық материалдар әзірлеу және тәжірибені тарату жұмыстарын жалғастыру ұсынылады.

5. Қорытынды және ұсыныстар

Жалпы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің кадрлық әлеуеті жақсы деңгейде. Барлық педагог жоғары білімді, мамандықтары оқытатын пәндеріне сәйкес келеді және жеткілікті еңбек тәжірибесіне ие.

Качественный и количественный состав учителей русского языка и литературы, английского языка

№	Ф.И.О. учителей	Год рождения	Какое учебное заведение окончил, когда	Должность	Педагогический стаж	Квалификационная категория	Год прохождения аттестации	Курсы повышения квалификации

	Сыздыкова Баян Шиябиденовна	02.09. 1970 г.	ПГПИ, 1997 г., ПГУ, 2003г.	Учитель русского языка и литературы	35	Педагог-исследователь	2025	2026
	Шайгазин Канат Балтабаевич	09.09. 1963 г.	ПГУ, 1989	Учитель русского языка и литературы	41	Педагог-исследователь	2022	2024
	Магазова Айгуль Корганбековна	20.11, 1979 г.	Кокшетау МУ 2001ж. ПГПИ 2005 ж.	Учитель английского языка	23	Педагог - исследователь	2023	2024
	Коппаева Асель Муратовна	29.11. 2000 г.	ППУ имени Әлкей Марғұлан, 2023г.	Учитель английского языка	3	Педагог-модератор	2026	2025
	Ақылбай Елназ Алтынбек қызы	02.08. 2005	НАОУниверситет Шакарима» г. Семей 2026 г.	Учитель русского языка и литературы	-	-	-	-

Ұсынылған кесте бойынша мектепте орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәндерінен сабақ беретін 5 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде 3 мұғалім орыс тілі мен әдебиеті пәнінен, 2 мұғалім ағылшын тілі пәнінен сабақ береді.

Кестедегі мәліметтерге сәйкес, педагогтердің басым бөлігінің еңбек өтілі мол және кәсіби тәжірибесі жеткілікті. Үш педагогтің «педагог-зерттеуші», бір педагогтің «педагог-модератор» біліктілік санаты бар. Бұл әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға және озық педагогикалық тәжірибені таратуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 2026 жылы жоғары оқу орнын аяқтаған жас маманның кәсіби қалыптасуына қолдау көрсету, тәлімгерлік жұмысын ұйымдастыру және сабақ беру әдістемесін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жүргізу қажет.

Жалпы, педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуеті жақсы деңгейде. Алдағы уақытта мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, жас мамандарды қолдауға және оқушылардың білім сапасын арттыруға басымдық беру қажет.

Жаратылыстану әдістемелік бірлестік мүшелерінің сапалық құрамы.

№	ӘБ мүшелерінің аты-жөні	Туған жылы	Бітірген оқу орны,жылы	Диплом бойынша мамадық	Беретін пәні	Еңбек өтілімі	Санаты, алған жылы
1	Сарсекеев Даулет Қайратович	29.01. 1996	С.Торайғыров атындағы 2017	Тарих мұғалімі	Тарих	9	Педагог-модератор
2	Майманова Толқын Аманжоловна	15.03. 1972	Шәкәрім атындағы СемейПИ 1994ж	Тарих мұғалімі	Тарих	26	Педагог-модератор

3	Сатыбалдина Меруерт Ондрисовна	24.10. 1979	С Торайғыров атындағы ПМУ 2001жыл	Биология оқытушысы, биолог	Биология	21	Педагог-модератор 2023ж
4	Тлеубаева Динара Жақсыбаевна	29.10. 1990	ПМПИ 2012ж	География, экология мұғалімі	География	12	Педагог-модератор 2024
5	Турсымбаева Анаргүл Ерденовна	02.08. 1988	ПМПИ 2009	Бакалавр химия	Химия	15	Эксперт
6	Беисова Альмира Ермековна	04.04. 1991	ПМПИ 2012	Бакалавр география	география	6	Педагог-модератор 2025

Жаратылыстану әдістемелік бірлестігінде барлығы 6 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде тарих пәнінен – 2 мұғалім, биология пәнінен – 1 мұғалім, география пәнінен – 2 мұғалім, химия пәнінен – 1 мұғалім сабақ береді.

Әдістемелік бірлестік педагогтерінің еңбек өтіліне талдау жасалғанда, 2 мұғалімнің еңбек өтілі 20 жылдан жоғары, 2 мұғалімнің еңбек өтілі 11–20 жыл аралығында, ал 2 мұғалімнің еңбек өтілі 6–10 жыл аралығында екені анықталды. Бұл ұжымда тәжірибелі педагогтермен қатар кәсіби тәжірибесін жетілдіріп келе жатқан мұғалімдер де бар екенін көрсетеді.

Кесте бойынша 5 педагог «педагог-модератор» біліктілік санатына, 1 педагог «педагог-сарапшы» санатына ие. Бұл әдістемелік бірлестікте педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және біліктілік санаттарын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттігін көрсетеді.

2026–2027 оқу жылында тарих және жаратылыстану бағытындағы пәндер әдістемелік бірлестігінің кадрлық құрамы пәндерді оқытуға қажетті мамандармен қамтылған. Бірлестікте педагогтердің еңбек өтілі әртүрлі болғанымен, кәсіби тәжірибесі қалыптасқан мұғалімдер басым. Педагогтердің басым бөлігі «педагог-модератор» санатына ие, сондықтан олардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, біліктілік санатын арттыру және тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыру маңызды.

«Нақты ғылымдар» әдістемелік бірлестік мүшелерінің сапалық құрамы

№	Бірлестік мүшелерінің ТАӘ	Туған жылы	Білімі, бітірген оқу орны, жылы	Диплом бойынша мамандығы	Беретін пәні	Еңбек өтілімі	Санаты, алған жылы
1	Бейсенбаева Нургуль Жумабековна	22.03.1968	Жоғары,Павлодар Педагогикалық Институты, 1991ж	Математика және есептеу техникасы мұғалімі	Математика, информатика	36 жыл	Педагог-зерттеуші, 2025
2	Магазов Дастан Аманбаевич	10.11.1975	Жоғары,Шоқан Уалиханов атындағы Педагогикалық Институты, 1996 ж	Математика және информатика мұғалімі	Математика , информатика	30 жыл	Педагог-модератор, 2023
3	Жармагамбетова Дана Сагимбаевна	21.10.1981	Жоғары, С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университеті, 2004 ж	Математика және физика мұғалімі	Математика	16 жыл	Педагог-модератор 2023

4	Аширова Арайлым Талгатовна	17.10.1989	Жоғары, Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Институты, 2011 ж	Математика	Математика	14 жыл	Педагог-модератор, 2024
5	Канашева Зарина	02.07.1992	Жоғары Павлодар Педагогикалық Институты,2014ж Жоғары оқу орнынан кейінгі білім,Ә. Марғулан атындағы Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Университеті 2022 ж.	Физика	Физика	12 жыл	Педагог-модератор, 2025

2026–2027 оқу жылында математика, информатика және физика пәндері әдістемелік бірлестігінде барлығы 5 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде математика пәнінен – 4 педагог, информатика пәнінен – 2 педагог, физика пәнінен – 2 педагог сабақ береді. Кейбір мұғалімдер бірнеше пәннен сабақ беретіндіктен, пәндер бойынша көрсеткіштер педагогтердің жалпы санынан асып түседі.

Әдістемелік бірлестік құрамындағы педагогтердің еңбек өтілі 12 жылдан 36 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Екі педагогтің еңбек өтілі 20 жылдан жоғары, үш педагогтің еңбек өтілі 11–20 жыл аралығында. Бұл ұжымда кәсіби тәжірибесі қалыптасқан мұғалімдердің басым екенін көрсетеді.

Политехникалық әдістемелік бірлестік мүшелерінің сапалық құрамы

№	ӘБ мүшелерінің аты -жөні	Туған жылы	Бітірген оқу орны	Диплом бойынша мамандық	Беретін пәні	Еңбек өтілі	Санаты, алған жылы
1	Хавалхах Камила	10.04. 1991	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының колледжі	Негізгі мектептің технология мұғалімі	Көркем еңбек	7жыл	Педагог-модератор 2023ж
2	Каиргельдинова Альбина Даулетовна	22.06. 1998	Әлкей Марғұлан атындағы педагогикалық университет	Көркем еңбек мұғалімі	Көркем еңбек	3жыл	Педагог-модератор 2026ж
3	Жетписбай Манарбек Сайдахметович	26.08. 1996	Әлкей Марғұлан атындағы педагогикалық университет	Дене шынықтыру және спорт	Дене шынықтыру,нұсқаушы	1жыл	педагог
4	Сергазина Диара Ермекбаевна	14.06. 1977	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт	Музыка мұғалімі	Музыка мұғалімі	19 жыл	Педагог-модератор 2023ж

5	Ибрайханова Жанар Наримановна	21.07. 1972	Семей мемлекеттік педагогикалық институт	Дене шынықтыру және спорт	Дене шынықтыру мұғалімі	21жыл	Педагог-зерттеуші 2023ж
6	Ибраев Жолдасбек Жумагельдинович	11.03. 1987	Әлкей Марғұлан атындағы педагогикалық университет	Дене шынықтыру және спорт	Бастапқы әскери даярлық және дене шынықтыру мұғалімі	1жыл	Педагог
7	Алекпаров Зейнел Каирович	11.08. 1964	Нобосибирск облысының «Болотный педагогикалық колледжі»	Дене шынықтыру және технология мұғалімі	Дене шынықтыру және көркем еңбек мұғалімі	34 жыл	Педагог-модератор 2023ж

2026–2027 оқу жылында әдістемелік бірлестікте барлығы 7 педагог қызмет атқарады. Бірлестік құрамына көркем еңбек, дене шынықтыру, музыка және бастапқы әскери даярлық бағытында сабақ беретін мұғалімдер кіреді.

Педагогтердің еңбек өтіліне талдау. Бірлестіктегі 2 педагогтің еңбек өтілі 20 жылдан жоғары, 1 педагогтің еңбек өтілі 11–20 жыл аралығында, 1 педагогтің еңбек өтілі 6–10 жыл аралығында, ал 3 педагогтің еңбек өтілі 5 жылға дейін. Бұл ұжымда тәжірибелі педагогтермен қатар жас мамандардың да бар екенін көрсетеді. Тәжірибелі мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін жас мамандарға тарату және тәлімгерлік жұмыстарын ұйымдастыру маңызды.

Біліктілік санаттарына талдау. Бірлестік құрамындағы 1 педагог «педагог-зерттеуші» санатына, 4 педагог «педагог-модератор» санатына ие. Қалған 2 педагогтің санаты «педагог» ретінде көрсетілген. Осыған байланысты мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, аттестаттауға дайындық жұмыстарын жүргізу және біліктілік санаттарын көтеруге қолдау көрсету қажет.

Кәсіби даярлығы мен пәндік бағыты. Педагогтер көркем еңбек, дене шынықтыру, музыка және бастапқы әскери даярлық пәндері бойынша білім беру үдерісін жүзеге асырады. Олардың кәсіби қызметі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын, дене дайындығын және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

«Өмір қауіпсіздігің негіздері» міндетті оқу курсын зерделеу

«Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» (бұдан әрі-ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте

білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсын оқыту:

1-4-сыныптарда-«Дүниетану» пәні аясында;

5-9-сыныптарда –«Дене шынықтыру» пәні аясында;

10-11 сыныптарда «Бастапқы әскери даярлық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

ӨҚН оқушыларға оқыту мазмұнының практикалық бағыттылығын күшейту үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімдер жеке тұлғаға бағытталған, белсенділік және құзыреттілік тәсілдерін жүзеге

асырады. Сабақтарда мұғалімдер оқушылардың жеке қасиеттерін көрсетуге және дамытуға жағдай жасайды,олардың мүдделерін, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескереді.

1- сынып

	Тақырыбы	**Сағат саны**	**Өткізілетін мерзімі**

1- бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау» 1.1.Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы			
1	Қауіпсіздік	1	Қыркүйек
2	Көшедегі кездейсоқ жағдайлар	1	Қазан
3	Көшедегі кездейсоқ жағдайлар	1	Желтоқсан
4	Судағы қауіпсіздік	1	Қаңтар
5	Ғимараттағы қауіпсіздік	1	Наурыз
6	Практикалық сабақ	1	Мамыр
		Сағат саны	**6 сағат**

2- сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1- бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау» 1.1.Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы			
1	Қауіпсіздік	1	Қазан
2	От адамның досы және жауы	1	Қараша
3	Табиғат	1	Желтоқсан
4	Су қоймасы	1	Қаңтар
5	Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы негізгі ережесі	1	Сәуір
6	Практикалық қауіпсіздік сабағы	1	Сәуір
		Сағат саны	**6 сағат**

3- сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1- бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау» 1.1.Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы			
1	Төтенше жағдай - бұл не?	1	Қыркүйек
2	Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту.	1	Қыркүйек
3	Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі	2	Қараша- Қаңтар
4	Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ	2	Сәуір
		Сағат саны	**6 сағат**

4- сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1- бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау» 1.1.Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы			
1	Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту.	1	Қыркүйек
2	Судағы қауіпсіздік	1	Қазан
3	Жаяу жүрушілердің қауіпсіздігі	1	Қазан
4	Сіз жолда жүру ережесін білесіз бе?	1	Қараша
5-6	Практикалық сабақ ӨЖҚ	2	Желтоқсан- Қаңтар

2-бөлім. «Бала денсаулығын сақтау және медицина білімінің негіздері» 2.1.Алғашқы медициналық көмек беру ережесі медицина білімінің негіздері			
7-8	Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек	2	Ақпан
2.2. Салауатты өмір салты негіздері			
9-10	Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік	2	Сәуір
		Сағат саны	**10 сағат**

«Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары.
2023-2024 оқу жылы (Дене шынықтыру пәнімен кіріктірілген)
5-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			
1	Жаяу жүргіншінің қауіпсіздігі: мектепке жол және қауіпсіз маршрут	1	Қыркүйек
2	Елді мекендегі төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар. Эвакуация және көмекке жүгіну	1	Қыркүйек
2-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
3	Соғып алу, тырналу және басқа жеңіл жарақаттар кезіндегі алғашқы көмек	1	Қазан
3-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік»			
4	Қоғамдық орындарда және көп адам жиналған кездегі қауіпсіз мінез-құлық	1	Қазан
4-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
5	Дұрыс дене бітімі және тірек-қимыл аппараты бұзылыстарының алдын алу	1	Қараша
6	Қауіпсіз құлау. Жарақат кезіндегі әрекеттер және көмекке жүгіну	1	Қараша
5-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			
7	Жеке қауіпсіздік: таныс және бейтаныс адамдармен қарым-қатынас	1	Желтоқсан
8	Қауіпті жағдайдағы өзара көмек және дұрыс әрекеттер	1	Желтоқсан
6-бөлім Табиғатта автономды тірі қалу			
9	Қысқы табиғи жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық	1	Қаңтар
7-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
10	Денені тым суыту және үсіп қалу: белгілері және алғашқы көмек	1	Ақпан
8-бөлім Цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік			
11	Цифрлық қауіпсіздік: жеке деректерді қорғау және интернетте қауіпсіз қарым-қатынас	1	Ақпан
12	Кибербуллинг: қалай тану және көмек үшін кімге жүгіну	1	Наурыз
9-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
13	Салауатты өмір салты: қимыл белсенділігі, ұйқы, экран уақыты және қалпына келу	1	Сәуір
10-бөлім Табиғатта автономды тірі қалу			

14	Адасып кетсең не істеу керек: «ТОҚТА» қағидасы және көмек сигналын беру тәсілдері	1	Сәуір
15	Жер бетінде бағдарлау: қарапайым бағдарлар және қауіпсіз маршрут	1	Мамыр
	Сағат саны	**15сағат**	

6 сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			
1	Жаяу жүргіншілердің, велосипедшілердің және самокат пайдаланушыларының қауіпсіз жүрісі	1	Қыркүйек
2	Өрт кезіндегі және қоғамдық ғимараттан эвакуациялау кезіндегі әрекет алгоритмі	1	Қыркүйек
2-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
3	Соғып алу, тырналу және созылу кезіндегі алғашқы көмек	1	Қазан
3-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік»			
4	Көпшілік ішіндегі мінез-құлық қағидалары және дүрбелең кезіндегі әрекеттер	1	Қазан
4-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
5	Дене бітімі және омыртқа денсаулығы. Дене бітімі бұзылыстарының алдын алу	1	Қараша
6	Аяқ-қол жарақаттары кезіндегі алғашқы көмек	1	Қараша
5-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			
7	Қоғамдық орындарда және бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста жеке қауіпсіздік	1	Желтоқсан
8	Қауіпті жағдай туындаған кездегі командалық әрекеттер және өзара көмек	1	Желтоқсан
6-бөлім Табиғатта автономды тірі қалу			
9	Қыс мезгілінде табиғатқа шығуға дайындық	1	Қаңтар
7-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
10	Денені тым суыту және үсіп қалу кезіндегі алғашқы көмек	1	Ақпан
8-бөлім Цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік			
11	Фишинг және интернет-алаяқтық: қауіпті қалай тану	1	Ақпан
12	Цифрлық із және әлеуметтік желілерде қауіпсіз қарым-қатынас қағидалары	1	Наурыз
9-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
13	Экран уақыты, қимыл белсенділігі және денсаулықты сақтау	1	Сәуір
10-бөлім Табиғатта автономды тірі қалу			
14	Жер бетінде бағдардан айырылған кездегі әрекеттер. Қауіп сигналын беру тәсілдері	1	Сәуір
15	Жердің қарапайым карта-схемасы бойынша бағдарлау	1	Мамыр
	Сағат саны	**15сағат**	

7 сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			

1	Елді-мекенде жүріп-тұру кезіндегі қауіп-қатерді бағалау	1	Қыркүйек
2	Қоғамдық орындардағы төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер	1	Қыркүйек
2-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
3	Созылу, таю және соғып алу кезіндегі алғашқы көмек	1	Қазан
3-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік»			
4	Көпшілік ішінде қауіпсіз мінез-құлық: қорғану және қауіпті аймақтан шығу тәсілдері	1	Қазан
4-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
5	Жарақаттың алдын алу және тірек-қимыл аппаратының денсаулығын сақтау	1	Қараша
6	Зақымдалған аяқ-қолды қолдағы құралдармен бекіту	1	Қараша
5-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			
7	Жеке қауіпсіздік және қауіп туындаған кездегі әрекеттер	1	Желтоқсан
8	Төтенше жағдайдағы командалық өзара әрекет және өзара көмек	1	Желтоқсан
6-бөлім Табиғатта автономды тірі қалу			
9	Табиғи ортада автономды болу қағидалары	1	Қаңтар
7-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
10	Қысқы жағдайларда зардап шеккенге алғашқы көмек	1	Ақпан
8-бөлім Цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік			
11	Кибербуллинг және троллинг: қауіпсіз әрекет ету тәсілдері	1	Ақпан
12	Экран уақыты, цифрлық қауіп-қатерлер және желіде жауапты мінез-құлық	1	Наурыз
9-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
13	Эмоциялық жағдайды өзін-өзі бақылау және күйзелісті азайту тәсілдері	1	Сәуір
10-бөлім Табиғатта автономды тірі қалу			
14	Бағдардан айырылған кезде қауіп сигналдарын беру тәсілдері	1	Сәуір
15	Карта және компас бойынша бағдарлау. Қозғалыс бағытын анықтау	1	Мамыр
	Сағат саны	**15сағат**	

8 сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			
1	Елді-мекендегі ортадағы қауіпті жағдайларды талдау және қауіпсіз маршрут таңдау	1	Қыркүйек
2	Төтенше жағдай және эвакуация кезіндегі өз бетінше әрекеттер	1	Қыркүйек
2-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
3	Жарақат және қан кету кезіндегі алғашқы көмек	1	Қазан
3-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік»			

4	Дүрбелең және көп адам жиналған кездегі әрекеттер	1	Қазан
4-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
5	Жарақаттың алдын алу және дене жағдайын өзін-өзі бақылау	1	Қараша
6	Жарақат кезінде қолдағы құралдарды пайдаланып иммобилизациялау	1	Қараша
5-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			
7	Қақтығысты және ықтимал қауіпті жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық	1	Желтоқсан
8	Төтенше жағдайдағы жеке жауапкершілік және өзара көмек	1	Желтоқсан
6-бөлім Табиғатта автономды тірі қалу			
9	Табиғи ортада автономды болу: уақытша ықтырма ұйымдастыру	1	Қаңтар
7-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
10	Табиғи жағдайларда зардап шеккенге көмек және тасымалдау тәсілдері	1	Ақпан
8-бөлім Цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік			
11	Интернет-алаяқтық және әлеуметтік инженерия: қауіптерді тану тәсілдері	1	Ақпан
12	Дербес деректерді қорғау және цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлық	1	Наурыз
9-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
13	Күйзеліс және өзін-өзі реттеу: тыныс алу техникалары және қалпына келу	1	Сәуір
10-бөлім Табиғатта автономды тірі қалу			
14	Қауіпсіз маршрутты жоспарлау және бағдардан айырылған кездегі әрекеттер	1	Сәуір
15	Жер бетінде карта және компас бойынша бағдарлау	1	Мамыр
	Сағат саны	**15сағат**	

9 сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік			
1	Қауіп-қатерді кешенді бағалау және қауіпті жағдайларда шешім қабылдау	1	Қыркүйек
2	Төтенше жағдай кезінде әрекеттерді және эвакуацияны ұйымдастыру	1	Қыркүйек
2-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
3	Жарақат және қан кету кезіндегі алғашқы көмек алгоритмі	1	Қазан
3-бөлім «Күнделікті өмірдегі қауіпсіздік және жеке қауіпсіздік»			
4	Дүрбелең кезіндегі әрекеттер және қоғамдық орында өзара көмекті ұйымдастыру	1	Қазан
4-бөлім Алғашқы көмек және денсаулық			
5	Тірек-қимыл аппараты жарақаттары кезіндегі алғашқы көмек	1	Қараша
6	Иммобилизациялау және зардап шеккенді қауіпсіз тасымалдау	1	Қараша
